



Жас өркен Қостанай



3 (88) мамыр-маусым 2017 жыл

МЕНШІК ИЕСІ:
Ахмет Байтұрсынов
атындағы
Қостанай мемлекеттік
университеті.
Ректор Хұсаин ВАЛИЕВ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:
Төраға
Кенжеғали САҒАДИЕВ
Диқан ҚАМЗАБЕК
Хұсаин ВАЛИЕВ
Алмас ӘБСАДЫҚ
Гүлнар БЕРКЕНОВА

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор
Ақылбек ШАЯХМЕТ
8(705) 650-65-51
шығарушы редактор
Қымбат ДОСЖАНОВА
8(702) 514-14-03
менеджер-дизайнер
Айтөлқын ҚАПАН

Журнал ҚР Мәдениет,
ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде
2002 жылы
18 қарашада тіркеліп,
№3386-Ж куәлігі берілген.
Екі айда бір рет шығады.
Редакцияға келіп түскен
хаттар әдеби өңделеді,
қысқартылады,
ойы сақталып түзетіледі.
Көлемі үш компьютерлік
беттен асқан материалдар
қабылданбайды.

Бәрежелді!

Өнерлі жастар кеші



Университетіміздің жанынан құрылған «Өнер» студиясының есеп беру концерті ерекше өтті. Концерттік бағдарламада биылғы түлектер, студияның талантты жастары Сымбат Ерік, Нұрсұлу Балапанова, Абылайхан Өнуаров, Мирас Ахметов өнер көрсетіп, көрерменнің зор қошеметіне бөленді.

Аталған жастар 1-курстан бастап «Өнер» студиясында шығармашылықтарын шыңдап, мәдени іс-шараларға белсене араласты. Олар оқудан тыс уақыттарын студияда өткізетін.

Бірі домбыра тартып үйренсе, енді бірі хореография үйірмесіне қатысты. Осылайша төрт жылдың ішінде мәдениеттен сусындап, эстетикалық сұлулықтың қыр-сырын меңгерді.

-Сабақтан шыққан соң студияға баруға асығатынымын. Ол жерде қаншама достар таптым. Бәріміз бір үйдің балаларындай жақын араласып кеттік. Домбыраны оқушы кезімнен тартамын. Аманкелді ауданындағы саз мектебінде оқыдым. Университетке келген соң ұлттық аспапта ойнау шеберлігін одан әрі арттырдым. Көптеген күйлер үйрендім. Адамның бойындағы өнер ешқашан ескірмейді, өшпейді. Мен де домбыраны тастамайтыныма сенімдімін. Студенттер үшін зор мүмкіндік ұсынып отырған студияның жетекшісі Әсия Әйіпқызына айтар алғысым шексіз, -деді экономика факультетінің түлегі Абылайхан Өнуаров.

Елбасы өзінің «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласында «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады» деп жазды. Бүгінде біздің алдымызда сол ұлттық кодты сақтау мақсаты тұр. Мұндағы ұлттық код деп отырғанымыз – қазақтың өні мен күйі, төл мәдениеті мен әдебиет, тарихы, салт-дәстүрі. Ендеше, қазақ жастары ең алдымен ұлттық өнерді қастерлеп, дәріптеуі керек. Сонда ғана ұлттық ой-санамыз кемелденеді. Өзге халықтармен бәсекелесуге де қабілетіміз артады. Бір өкініштісі, ұлттық өнерді қолдауға келгенде әдемі ойлар айтып, сайрай жөнелеміз. Іске келгенде айтылғанның бәрі құмға сіңген су секілді. Бұл сөзімізге бір мысал, студияның есеп беру кешіне жиналған көрермендердің селқостығы еді. Студияның концерті тамаша өтті. Оған дау жоқ. Бірақ, қазақтың өні мен күйін тыңдауға жиналғандардың қатары аз болды. Жастар арасындағы көрермен мәдениеті туралы ойлаудың өзі қорқынышты.

Өз тілшіміз

Көш басында — ҚМУ



Жыл сайын мамыражай мамыр айында қостанайлық жастар арасында «Студенттік көктем» фестивалі өтеді. Соңғы 23 жылда дәстүрге айналған осынау іс-шара биыл да жалғасын тапты. Қостанай

облысындағы сегіз жоғары оқу орнынан келген мыңға жуық студент өзара жарысып, үздіктері марапатталды.

Былтырғы жеребенің қорытындысына сәйкес, М.Дулатов атындағы университет 23-ші фестивальдің модераторы ретінде ауқымды іске бекітілген еді. Сол себепті, фестивальдің ресми ашылуы ҚИНЭУ-дің ішкі алаңында өтті. Ашылу салтанатына жастар саясаты мәселелері жөніндегі облыстық басқарманың басшысы Кенеш Әлімжанов, ҚИНЭУ-дың ректоры Сәбит Есмұратов арнайы қатысып, студенттерді құттықтады.

- Қостанай облысында 8 жоғары оқу орны, 18 мыңға жуық студент бар. Бүгінгі маңызды шараға білімді, белсенді студенттер мен курсанттар жиналып отыр. Олар оқу-ғылым, спорт, өнер және басқа да шығармашылық бағыттар бойынша өзара

жарысады. Байқаудың қатысушыларына сәттілік тілеймін. Құрметті жас достар! Студенттік шақтың адам өміріндегі есте қаларлық, алаңсыз кезең екенін естен шығармаңыздар,-деді басқарма басшысы Кенеш Әлімжанов.

Маңызды шара үш күнге жалғасты. Осы уақыт ішінде қатысушылар шағын футбол, қазақ күресі, тоғызқұмалақ, волейбол, үстел теннисі сияқты спорттық жарыстарда бақ сынасты. Өнерлі жастар вокал, хореография байқауларына қатысты. Сыр-баз жігіттер мен сылқым қыздар үшін «Ханзада мен Ханшайым» сайысы өтті. КВН ойындарында үздік әзілкештер командасы анықталды. Фестивальдің бағдарламасында «Мега-мозг» интеллектуалдық ойыны мен дебат турнирі, экшн-ойындары да бар.

Фестивальдің ресми жабылу салтанаты А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің алдындағы алаңда өтті. Қорытынды шараға облыс әкімі Архимед Мұхамбетов және өңірдегі сегіз жоғары оқу орнының ректорлары арнайы қатысты.

Барлық байқаулардың жеңімпаздарына дипломдар мен кубоктар берілді. Жалпы командалық есепте А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ мен М.Дулатов атындағы ҚИНЭУ алға шықты. Осы аталған екі жоғары оқу орны облыс әкімі тағайындаған Бас жүлдеге ие болды. Фестивальдің келесі жылғы модераторы А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті болып таңдалды. Модератор жеребе арқылы анықталған болатын.

- Біздің күнделікті өмірімізде, қоғамдық бастамаларды іске асыруда жастардың алатын орны ерекше. Елбасы, Ұлт Көшбасшысы Н.Назарбаев жастарға үлкен үміт артып, оларға мемлекет тарапынан ерекше қолдау көрсетуде. Жастардың мерекесі

қанатын кеңге жайып, облыс орталығында кеңінен өткізілуі соның тағы бір айқын дәлелі. Бүгінгі фестивальдің арқасында жаңа есімдермен таныс болдық. Олар облыс жастарына үлгі болады деп сенеміз. Тәуелсіздік жылдарында «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын алған төрт қостанайлық бар. Олар: Сайран Бұқанов, Валентин Двуреченский, Борис Князев және Алматы Тұрсынов. Кейінгі жастар есімдері аталған аға буынға, адал еңберімен еленген еңбек ерлеріне қарап бой түзейді деген ойдамын,-деді облыс әкімі А.Мұхамбетов өзінің құттықтау сөзінде.

М.ҚҰСАЙЫНОВ.



Жылдың басты оқиғасы

Университетімізде биылғы оқу жылында сан алуан мәдени, әдеби, спорттық және интеллектуалдық іс-шаралар, семинар, конференциялар өтті. Соның арасынан «Жылдың ең үздік кураторы» байқауын ерекше айтуға әбден болады. Өйткені, аталған сайыс оқу орнындағы жеті факультеттің бәрін қамтыды және алғаш рет өтіп отыр. Байқаудан кейін әр факультеттің кураторлары арасындағы әріптестік қарым-қатынас нығая түсті.

Көптің көңілінен шыққан байқаудың мақсаты – тәрбие жұмысындағы кураторлық қызметтің беделін өсіріп, белсенділігін арттыру болатын. Сондай-ақ, куратордың болашақ маманның тұлға болып қалыптасуына тигізер ықпалын, жауапкершілігін түсіндіру.

Байқау деген сөздің өзі аты айтып тұрғандай, байқап көру деген мағынаны білдірсе керек. Ендеше, сайыста әркім өзінің мүмкіндігін, кәсіби біліктілігін және деңгейін тағы бір мәрте сынап көреді. «Жылдың ең үздік кураторы» байқауы да университетіміздің

оқытушылары үшін ерекше де қызықты сынақ болды. Оған жас мамандармен қатар тәжірибелі кураторлар да қатысуға мүмкіндік алды. Қатысушылардың жас ерекшеліктеріне, оқытатын пәндеріне, еңбек өтілдеріне қарай ешкімді бөліп жарған жоқ. Талап бәріне бірдей, ереже – ортақ.

Сайыс басталмас бұрын Ахаң атындағы жоғары оқу орнында жақсы дәстүрге айналған «Қайырымдылық жәрмеңкесі» іс-шарасы аталып өтілді. Оның ұйымдастырушылары – факультеттердің кураторлары мен белсенді студенттер тобы. Олардың тікелей мұрындық болуымен жиналған қаражат кішкентай қыз Әмина Мұқашеваның еміне берілді. Университетіміздің жастары мен оқытушылары балақайға ақшалай көмекпен қатар жұмсақ ойыншықтар сыйлап, дертінен құлан таза айығып кетуіне тілектестік білдірді. Біздің оқу орнымыздың ұжымы мұндай өнегелі іске әрдайым дайын екеніне сенім мол. Себебі, қайырымдылық қастерлі қасиет қой.

Байқаудың алғашқы екі кезеңі әр факультеттің өз іштерінде ұйымдастырылды.

Интернеттегі Уикипедия ашық энциклопедиясынан алынған мәліметтер бойынша куратор – (Curator) латын тілінен енген сөз. Оның бірнеше мағынасы бар. Соның бірі - қамқор, тәрбиеші дегенді білдіреді, яғни берілген жұмысты бақылайтын адам.



Финалдық кезеңге қатысуға жеті куратордан өтініш түсті. Олар іріктеу кезеңінен сүрінбей өткен кіл мықтылар еді. Үшінші кезеңнің талабы – бейнеролик әзірлеу. Бейнежазбада студенттер арасында атқарған жұмыстарын, бірлесе өткізген іс-шараларын көрсету керек болды. Бұл сынақтан қатысушылардың сүрінбей өткені көрермендердің қошеметінен сезілгендей. «Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабатын» деген аталы сөз бар емес пе. Кураторлар өздерінің мүмкіндіктеріне, шеберліктеріне байланысты ерекшеленуге тырысты. Оларға жеке тапсырмалар беріліп, қызықты, ұтымды жауаптың иелеріне жоғары ұпай қойылды. Финалистердің жауабы біздің кураторларымыздың педагогикалық танымы кең, түсінігі мол екенін дәлелдей түскені анық.

Байқаудың ең бір есте қалған қызықты сәті, кураторлар мен студенттердің бірлескен іс-шарасы еді. Сол кезде студенттердің өз оқытушыларына деген ерекше қолдауы байқалды.

Үшінші кезеңде қалыптасқан жаттанды сұрақтар емес, еркін тақырыптағы әртүрлі сауалдар жолданды. Оған кураторлар да ерекше қызығушылықпен жауап берді. Қатысушылардың еңбегін арнайы бекітілген қазылар алқасы бағалады. Комиссияның құрамында аграрлық-биологиялық факультетінің оқытушысы Айгүл Хасанова, экономикалық факультетінің оқытушысы Гүлнар Нұрахметова болды. Заң факультетінің оқытушысы Айгүл Алдабергенова мен ветеринарлық факультетінің оқытушысы Еламан Күмісбеков марапаттау рәсіміне қатысып, үздік кураторларды құттықтады. Байқау аясында гуманитарлық-әлеуметтік факультетінің оқытушысы Юлия Шандецкая «Қайырымдылық жәрмеңкесі» акциясының қорытындысын жасаған болатын.

Осы аталған комиссия мүшелері байқаудың қорытындысын шығарғанша студенттер өздерінің кураторларына жылы лебіздерін арнап ән айтты, прозалық туындылардан үзінділер оқыды. Байқаудың соңында финалистер анықталды. Олар:

1. Жұмабаев Асхат Қоныспайұлы, мал шаруашылығы технологиясы және ветеринария факультеті;

2. Төлегенова Шынар Исламбекқызы, гуманитарлық-әлеуметтік факультеті;

3. Байзақова Гүлзат Ғазезқызы, экономикалық факультеті;

4. Золотухин Евгений Александрұлы, инженерлік-техникалық факультеті;

5. Нұрханова Лаура Темірбекқызы, заң факультеті;

6. Нұрпейісова Жанар Сембайқызы, ақпараттық технологиялар факультеті;

7. Құлтаева Динара Сәбитқызы, аграрлық-биологиялық факультеті.

Байқау комиссиясының шешімімен мал шаруашылығы технологиясы және ветеринария факультетінің оқытушысы Асхат

Жұмабаев «Жылдың ең үздік кураторы» атағын жеңіп алды. Басқа қатысушылар әртүрлі номинациялар бойынша марапатталды.

Көрермендерді сүйсіндірген байқау да мәреге жетті. Тартысты өткен сайыс қатысушылардың да, көрермендердің де есінде қалды. Бұл байқауды кураторлар өз араларында биылғы оқу жылының ең маңызды оқиғасы деп бағалап отыр. Университетті қамтыған, көпшіліктің көңілінен шыққан «Жылдың ең үздік кураторы» сайысын ерекше оқиға деп атау орынды. Алдағы уақытта жалғасын тауып, оқу орнының тарихында игі дәстүрге айналуына біз де тілекшіміз.



Гүлнар БЕРКЕНОВА,
Тәрбие жұмысы басқармасының басшысы:

-Кез келген маман иесі өзінің қызметінде табысқа жету үшін ізденіс үстінде жүреді. Жетістіктің ең басты сыры – еңбекқорлық болса керек. Ізденген сайын адамның ой-өрісі, таным-түсінігі кеңейеді. Бұл тұрғыда «Жылдың ең үздік кураторы» сайысы оқытушыларға жаңа мүмкіндік сыйлады деп айта аламыз. Байқаудың қатысушылары әртүрлі тақырыптар аясында ізденіп, өз білімдерін жетілдірді, өзара тәжірибе алмасты.

Байқау көрінбей жүрген таланттардың ашылуына ықпалын тигізген болса біз қуанамыз. Өйткені, біздің мақсатымыз – кураторлардың еңбегін бағалап, олардың шығармашылықтарына шабыт сыйлау болатын.

Материалды әзірлеген Қ.Мұратбекқызы.

Асхат Жұмабаев:

Кураторлық міндеттің жауапкершілігі мол



«Үздік куратор-2017» байқауына қатысып, жеңімпаз атанған азаматтың есімі - Жұмабаев Асхат Қонысбайұлы. Ол ветеринария және мал шаруашылығы факультетінің ветеринариялық санитария кафедрасының оқытушысы. Өзі де Ахаң атындағы қара шаңырақта білім алып, бүгінде талапкер жастарды оқу-ғылымға баулуда. Нәтижелі жұмыс істеп жүрген жас мамандардың бірі. Оған жоғарыда айтқан сайыстың қорытындысы дәлел бола алады.

Асхат Жұмабаев – А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың үздік кураторы.

-Асхат Қонысбайұлы, «Үздік куратор» байқауына қатысудағы мақсатыңыз қандай еді?
-Куратор ретінде студенттердің тәрбие жұмысына жауапты болған соң жастармен тығыз байланыста жұмыс істейміз. Олардың академиялық білім алуын қамтамасыз ете отырып, тәрбие жұмыстарын да назарда ұстаймыз. Мәселен, факультетімізде салауатты өмір салтын сақтау немесе зиянды іс-әрекеттерден сақтану тақырыбында мамандар шақырып студенттермен кездесулер өткізген едік. Дін жайында сауаттылық деңгейін арттыра түсу үшін қалалық мешіт има-

мымен де жүздескен болатынбыз. Міне, осы секілді басқа да пайдалы іс-шаралар ұйымдастырып келдік. «Үздік куратор» байқауына қатыса отырып осы мазмұндас жұмыстарымызды көрсетіп, қаншалықты және қандай жауапкершілікте еңбек етіп жүргенімізді көрсеткіміз келді. Оның үстіне оқу жылының соңы жеңіспен, зор қуанышпен аяқталса деп үміттенген едік. Үміт ақталды. Мақсатымыздың орындалғанына қуаныштымыз.

- Сайыстың ерекшелігін айта аласыз ба?

- Ерекшелігі сол, студенттерге де, бізге де танымдық деңгейде болсын, басқалай болсын берер пайдасы жетерлік. Достық, ұжымдық бірлікті бекемдей түсетін сайыс болды. Жасаған қызметімізді көпшілікке көрсету барысында еңбегіміздің өзгелерге үлгі боларлық тұсы болса өнеге емес пе деп те ойлаймын. Бұл байқау жыл сайын дәстүрлі түрде өтіп тұрса қатысушылардың саны да артады деген ойдамын.

Сайыстың әр кезеңінен ерекшелік байқауға болады. Алғашқы кезеңде жыл бойы қандай іс-шара өткіздім, оған кімдер келді және қанша студент қатысты деген сауалдарға жауап бердім. Сөзім дәлелді болуы үшін фото мен статистикалық деректерді ұсындым. Екінші кезеңге біздің студенттермен сабақ барысындағы шеберлігіміз бен біліміміз сыналды. Тақырыпты ашудағы әдісіміз, студенттерді оқуға қызықтыра алуымыз бәрі-бәрі есептелді. Менің әдістемем ойын түрінде жүргізілді. Мұндай әдіс ақпаратты тез қабылдап, есте сақтауға септігін тиізеді. Үшінші, финалдық кезеңде тапсырмаларды орындап, бейнефильм арқылы өзіміздің жасаған жұмыстарымызды таныстырдым. Бұл ретте маған көп көмегін берген университетіміздің Медиа-студиясына алғысымды айтамын. Медиа-студияның көмегімен сапалы әрі жақсы бейнеролик түсірдік.

- Кураторлық міндеттің жауапкершілігі туралы не айтар едіңіз?

- Куратордың жұмысы оңай дей алмаймын. Біз кураторлық қызметтен тыс студенттерге дәріс оқимыз. Бұл – біздің ең басты міндетіміз. Куратор болған соң студенттердің мәселелеріне тереңрек үңіліп, оның дұрыс шешілуіне көмек беруге тиіссің. Яғни, студенттермен тілтабысып, жұмыс істей білу керек. Мұның бәріне бар ынтаңды салуыңа тура келеді. Сонда ғана кураторлық жұмысыңның нәтижесі болады. Әрине, ауыртпашылықтары да баршылық. Куратор міндеті бекітілген оқытушыларға қосымша ақы төленсе жөн болар деп те ойлаймын. Азды-көпті қаржы кураторларды ынталандырады еді.

Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ.

Гүлзат Байзақова: «Еңбек - бәрін жеңбек»



«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дейді халық даналығы. Бұл – ойсыз айтыла салған сөз емес. Халқымыздың ғасырлар бойғы жинаған тәжірибесінің нәтижесінде туған ой, қалыптасқан түсінік. Осынау ғибратты сөздің қалай, қашан шыққанын кім білсін. Мағынасы жағынан орынды айтылғанын мойындай отырып, тамсанасың. Жақсы ұстаздан тәлім алған адамның өмір жолында адаспасы анық. Осы орайда қаншама студентке білім беріп, бәсекеге қабілетті маман даярау ісіне үлес қосып жүрген университетіміздің оқытушысы туралы әңгімелемекпін.

Бәрімізге белгілі 2016 жылдың наурыз айында Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде «Үздік куратор» байқауы басталған болатын. Биыл сол байқаудың қорытындысы шығып, ең үздік деген жеті куратор таңдалды. Сол үздіктердің қатарында университетіміздегі экономика факультетінің кураторы, экономика магистрі Байзақова Гүлзат Ғазезқызы да бар.

-Гүлзат Ғазезқызы, байқаудан алған әсеріңізбен бөліссеңіз?

-Бұл байқау жоғары деңгейде өтті. Ұйымдастыру жұмыстарында, өту барысында мін жоқ. Маған байқау ұнады. Болашақта әрі қарай жалғасын тапса деймін. Байқау барысында «әттеген-ай» деп қапаланған қиындығы мен көңілді серпілген қызықты сәттері қатар жүрді.

Биылғы оқу жылы басталғалы бері университет қабырғасында бірнеше байқаулар, концерттер ұйымдастырылып жатты. Солардың қатарында «Үздік куратор» байқауы да бар. Бірақ, мен үшін ерекшесі осы байқау. Оған өзім қатысып, бел ортасында жүрдім. Сондықтан болар, таңғажайып естеліктерімен есімде сақталып қалыпты. Өз басым «Үздік куратор-2017» байқауын жылдың ең айтулы оқиғасы деп санаймын.

-Сіз үшін ең қиын болған кезең?

-Байқау үш кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде кураторлардың жыл бойы жасаған жұмыстары қаралды. Қазылар алқасы біздің студенттерге өткізген ашық сабақтарымызды тексерді. Біздің факультеттен үш куратор осы кезеңнен келесісіне сүрінбей өттік. Менің өткізген ашық сабақтарым төрешілерге қатты ұнапты. Екінші кезеңде сахнаға шығып өз өнерлерімізді көрсеттік. Үшінші кезеңде түсірген бейне роликтерімізді көрсеттік.

Мен үшін ең қиын болғаны екінші кезең. Сахнаға бірінші рет шыққан соң ба, көпшіліктің алдында өнер көрсеткенде аздап қобалжыдым. Көрермендердің арасынан студенттеріміз мені қолдап, қошеметтеп жатқан дауыста-

«Егер балалар бірдені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс».

Ы.Алтынсарин

рын естігенімде, басқаша күйге бөлендім. Бойыма ғайыптан күш бітіп, өзімді өзім қолға алдым. Сол сәттегі бірнеше секундтық сезімді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес.

Студенттерімді ұятқа қалдырмау үшін мен сахнада барымды салдым.

- Үздік куратор болу үшін не істеу керек?

- Мен студенттеріме жақынмын. Оларға эдвайзерден де көп уақыт бөлетінімді өздері айтып жүреді. Студенттерімнен «сіз бізге анамыздай болып кеттіңіз» деген жылы сөзді есту мен үшін үлкен абырой.

Қандай қызметте болмасын үздік атану үшін еңбектену керек. Жетістіктің қас жауы – жалқаулық дер едім. Үздік куратор болу үшін студенттермен тығыз қарым-қатынаста болып, олардың биікке қарай самғауына көмек беру қажет. Ең бастысы еңбек, еңбек, еңбек. Еңбек бәрін жеңбек!

А.ТАЛҒАТҚЫЗЫ,
ГӘФ журналистика мамандығының 3-курс студенті.

Үстаз - ұлағатты есім



Бүгінгі біздің кейіпкеріміз университетімізге 6 жыл еңбегі сіңген, ГӘФ-нің тіл және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы, «Арулар отауы» клубының негізін қалаушы, білікті куратор – Төлегенова Шынар Исламбекқызы.

Шынар апай шаһарымыздағы ҚМПИ-ның филология мамандығын бітіріп, еңбек жолын Қостанай экономикалық колледжінде оқытушы болып бастайды. Одан соң департаментте 7 жыл қызмет атқарып, 2011 жылы Ахмет Байтұрсынов атындағы ҚМУ-не жұмысқа орналасады. Бүгінде студенттеріне ардақты әрі сыйлы ұстаз, ал әріптестерінің арасында зор құрметке ие. Шынар апайдың куратор болып, студенттерін алға жетелеп жүргеніне биыл бір жарым жыл толып отыр. Жақында университетіміздің тәрбие жұмысы департаменттің басшысы Гүлнар Беркенованың ұйымдастыруымен оқу ордамызда алғаш рет «Жылдың үздік кураторы» байқауы өткізілді. Байқауға әр факультеттен суырылып алға шыққан 7 үздік куратор қатысқан болатын. Басты мақсаты - жылдың ең үздік кураторын анықтау. Басымдық танытып алға шығу оңай емес. Финалда жолыққан үздік жетіліктің қатарында Шынар Исламбекқызы ГӘФ-тің намысын қорғады. Сайыстан алған әсерін білу үшін, апаймен сұхбаттасып қайтқан болатынбыз.

- Байқау қандай деңгейде өтті деп есептейсіз?

- Бұл байқау университет қабырғасында бірінші рет өткізіліп отыр. Сондықтан барлығы да таңсық

болды. «Қалай болар екен?» деген сұрақ бәріміздің ойымызда тұрды. «Жылдың үздік кураторы» байқауы жоғарғы деңгейде өтті деп есептеймін. «Бақ шаба ма, бап шаба ма» дегендей әділқазылар алқасы барлық қатысқан 7 кураторға әр түрлі номинацияларды бөліп берді. Әрқайсымыздың еңбегіміз әділ бағаланды деп білемін.

- Ең үздік куратордың бойында қандай қасиет болуы керек?

- Менің ойымша куратор болу үшін ең алдымен студенттермен тіл табысып, неғұрлым жақын қарым-қатынаста болу керек. Қандай жағдай болса да студенттерге түсіністікпен қарау қажет. Оқуға ең бастысы талап қоя білу керек. Ал сабақтан тыс уақытта өз басым студенттеріммен боулингке, кинотеатрға барып тұрамын. Сырласып, жақын қарым-қатынас орнатуға тырысамыз. Соның арқасында студент қыздармен апалы-сіңілідей сыр бөлісіп, олар меннен ақыл-кеңес сұрап тұрады. Қолымыздан келгенше көмегімізді көрсетуге тырысамыз. Кейде маған: «Сіз біздің екінші анамыз сияқтысыз», - деп айтады. Бір-бірімізге сыйластықпен қараймыз. Ең бастысы осы деп есептеймін.

- Куратор болу қиын ба?

- Қиындығы мен қуанышы, қызығы қатар жүреді десем болады. Кейбір кезде студенттеріме ұрысып алатын кездер болады. Онсыз болмайды енді. Қандай жағдай болса да куратор студенттен талап ету керек. Оқу орнына келген студент «Мен білім алып шығамын» деген мақсатпен келуі қажет. Оны қадағалап, дұрыс бағыт көрсету оқытушының міндеті деп білемін.

«Әркім сыйлағанның құлы» дейді ғой. Сыйластық, құрмет болса, одан артық ештеңе жоқ. Сабақтан тыс уақытта құрбысы сияқты болсам да, сабақ кезінде студенттеріме талап қоямын.

- Кураторлар мен студенттерге айтар тілегіңіз болса...

-Негізінен куратор болу оңай емес. Таңертеңнен кешке дейін отбасыңды ысырып қойып, жарты күніңнен артық уақытыңды студенттерге арнауың керек. Қиын жағдайға тап болмас үшін оларға үнемі ескертіп, дұрыс бағыт көрсетіп отыруың керек. Студенттердің бәрі де бірдей емес. Баға үшін де оқитындар болады. Оның барлығы ескеріледі. Әріптестеріме сәттілік тілеймін, еңбектерінің жемісін көрсін. Ал студенттерге білімге деген құштарлықтары артсын деп тілеймін. «Тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы» дейді ғой. Сол себепті де саналы, инабатты, ибалы болындар.

Студенттеріме өмірде өз орынын тауып, білікті маман атанып, бақытты болса екен деп тілеймін!

- Сізге де шығармашылық табыс тілейміз. Еңбегіңіз жемісті болсын!

Жамал ШАУКЕН,
ГӘФ журналистика мамандығының 2-курс студенті.

Үздіктер сайыс жолында



«Үздік куратор» сайысы тартысқа толы болды. Байқауға қатысушылар университеттің тәрбие жұмысын назарға ала отырып, өз тәжірибелерін шыңдай түсті. Соның ішінде асығы алшысынан түскен аграрлық-биологиялық факультетінің аға оқытушысы Құлтаева Динара Сәбитқызы. Бәсекеге қабілетті, білімді жас ұрпақ тәрбиелеп жатқан Динара Сәбитқызымен жолығып, сұхбаттасқан болатынбыз.

- Динара Сәбитқызы, сізді «Үздік куратор» сайысында жүлделі орынға ие болуыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Кураторлар сайысына өзіңіз қатыстыңыз ба, әлде студенттеріңіздің ұсынысы ма?

-Тәрбие жұмысы бойынша деканның орынбасары осы сайыс туралы ақпаратты таратқаннан бастап өз студенттеріммен ақылдастым. Олар мені қолдады. Осылайша қатысуға бел будым.

Сайыс 3 кезеңнен тұрды. Бірінші, екінші кезеңдері факультет ішінде өтті. Жыл бойы жасаған жұмысымызды көрсете білдік. Әрбір куратор өз студенттерімен бірге ҚР Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» (Егемен Қазақстан, 12.04.17 ж.) мақаласын талқылауға алдық. Талқылау жұмысына агрономия мамандығының студенттері, менің жетекшілімдегі балаларым

белсенді қатысты, көзқарасын дәлелдеді.

-Сіздің куратор қызметіндегі мақсатыңыз?

-Кураторлық жүйесі былтырдан басталды. Кураторлық қызметтің мақсаты – студенттерді оқыту арқылы тәрбиелеу, яғни қазіргі инновациялық заманға сай болу үшін жастар тек қана кәсіби білікті ғана емес, сондай-ақ адами қасиеттерін жоғалтпай, өз-өзін дамыту және арттырулары тиіс. Өз тобымда бағыттаушы қызметін атқарамын. Өйткені, қазіргі студенттер ақылды және жан-жақты. Оқу үрдісінде кейде өз тобыммен ақылдасуға тырысамын. Менің ойымша, куратор студенттермен жақын болу керек.

Қазіргі заманғы білікті студентті қалыптастыруда куратор-оқытушының рөлі мол. Оқу барысында студенттерге өмірге деген көзқарас, дұрыс бағыт-бағдар беруіміз керек. Сондықтан қазіргі заманға сай бәсекеге қабілетті, кәсіби білікті және тұлғаны тәрбиелеу мақсатын жүзеге асырудамыз.

Оқу үрдісінде, кураторлық сабақ кезінде, тәрбиелік іс-шара өткізу барысында студенттердің өзара қарым-қатынасын нығайтуға тырысамын. Олармен сыйластық, өзара түсіністік, бір-біріне деген жақсы қатынас орнатуға көмектесемін. Менің кураторлық топтарым өте ақылды, мейірімді, ерқашан маған көмектесіп, қолдауын береді.

- Жақсы куратор болудың сыры неде екенін айта кетсеңіз...

- Менің ойымша, жақсы куратордың сыры – студенттермен ауызбіршілікте тіл табысып, бірлесе еңбек ету, түсіністік таныту. Сонымен бірге білім беру жүйесінде көптен жұмыс істеп келе жатқан аға оқытушыларымыздың тәжірибесімен алмасу. Ең бастысы балаларға қолдау жасау керек, көмек беру керек. Сонда ғана нәтиже болады.

- Кураторлар байқауына өз бағаңызды берсеңіз?

- Кураторлар сайысы қажетті және маңызды шара болды деп санаймын. Әсіресе, бізге, жас оқытушыларға өзіміздің атқарған жұмысымызды көрсетуге мүмкіндік берді. Байқауға қатысу барысында маған қолдау білдірген аграрлық-биологиялық факультетіне алғысымды білдіремін.

- Аталған байқауды жылдың айтулы оқиғасы деп айтуға бола ма?

- Ия, келісемін. Шынымен кураторлар сайысы жылдың маңызды шараларының бірі болды. Ұйымдастыру жағына келсек жоғары деңгейде өтті. Осы жақсы бастаманы дер кезінде көтеріп, жоғары деңгейде өткізген Тәрбие жұмысы департаментінің басшысы Беркенова Гүлнар Сейтжанқызына кураторлар атынан алғыс айтамын. Ол кісі барлық факультеттердің оқытушыларының басын қосты, жас мамандарға қолдау жасады.

**Сымбат БАЙДІЛДИНА,
аграрлық-биологиялық факультетінің
2-курс студенті.**

Еңбекқор куратор

«Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет.

Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдар-ламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар. Технологиялық революцияның беталысына қарасақ, таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жарымы жойылып кетеді».

Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласынан үзінді.

Университетімізде өткен маңызды байқаудың келесі қатысушысы – Лаура Нұрханова. Ол заң факультетінің оқытушысы.

-Лаура Темірбекқызы еңбек жолыңызды қалай бастап едіңіз?

- Еңбек жолымды студент кезімнен бастадым десем артық айтқандық емес. 2002 жылы А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың заң факультетіне түсіп, 3-курста оқып жүріп, жеке адвокаттың көмекшісі қызметін атқардым. Іс-қағаздармен жұмыс істеуді үйрене бастадым. 2007 жылы оқуымды аяқтап ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясында инспектор қызметін атқардым. 2009 жылы желтоқсан айында А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-ға оқытушы болып орналасып, қазіргі таңда заң факультетінің қылмыстық құқық және процесс кафедрасында оқытушы қызметін атқарып жүрмін.

-Студенттермен куратор арасында қандай қарым-қатынас болу керек?

-Студенттердің мінездері әртүрлі болғандықтан, әр баламен жеке тіл табысып, ортақ шешімге келетіндей қамқорлық танытып, өз баласындай көргені дұрыс деп ойлаймын. Ол да бір ананың баласы, ана өз баласын жаман болсын деп тәрбиелемейді. Соны ескере отырып, жақсы тәрбие беріп, көрген-білгенімен аямай бөлісіп, жақсы, тура бағыт беріп отырса студенттерден жақсы маман шығатынына кәміл сенемін.

-«Үздік куратор -2017» сайысына қатысуға не түрткі болды?

-Бұл сайысқа қатысуыма ешқандай түрткі болған жоқ. Бастапқы кезеңде барлық заң факультетінің кураторларының құжаттары, яғни кураторлық құжаттары, есептері тексеріліп, бағаланды. Екінші кезеңге өткен кураторлардың ашық сабақтары бағаланды. Осы екі кезеңде жиналған ұпай санымен үшінші кезеңге ойламаған жерден өтіп кеттім.

-Сайыс барысында өзіңізді жаңа қырыңыздан көрсете алдыңыз ба?

-Іс-шара барысында бәрінен үздік атануға тырыстық.



Өзіміздің жылдар бойы жинаған тәжірибемізді көрсете алдық деп ойлаймын.

-Сіз қандай кураторсыз?

-«Сырт көз – сыншыл» деген қанатты сөз бар емес пе. Мен студенттермен пікір алысып ақылдасқанды ұнатамын. Мен үшін студенттерім өте ыстық. Осы жылдар бойы тәрбиелеген студенттерім жақсы маман иелері болып шықты. Шәкірттеріммен әлі күнге дейін қарым-қатынасымыз үзілген жоқ.

-Кураторлар байқауының өту барысына, деңгейіне көңіліңіз толды ма?

-Байқау өте жақсы ұйымдастырылған. Жоғары деңгейде өтті. Көңілім толды. Жылдың айтулы оқиғасы деуге әбден лайықты. Университет көлемінде алғаш рет ұйымдастырылған іс-шара болғандықтан бәріміздің есімізде ұзақ сақталып қалатынына сенімдімін.

Бұл байқау біріншіден, басқа факультеттің кураторларымен танысып, жақынырақ қарым-қатынаста болуға мүмкіндік берді. Екіншіден, қатысушылар бір-бірімізбен араласып, айырылмас достарға айналдық.

Алдағы уақытта осы іс-шараның жалғасын тапқанын қалаймын. Біздің басқа да кураторларымыздың жұмыстары әділ бағаланып, студенттермен жұмыс істеуге деген ынталары арта берсін деп тілеймін.

**Сұқбаттасқан Айсұлу ЗИМИНА,
ГӘФ журналистика мамандығының
студенті.**

Ұйымдастырылуы көңілімнен шықты

Жанар НҰРТЕЙІСОВА,
ақпараттық технологиялар
факультеті:

- Байқауға қатысқанымға еш өкінбеймін. Өйткені студенттерімнің маған деген жанашырлығын, көмегін көрдім. Біздің қарым-қатынасымыз одан әрі беки түскендай. Байқаудың ұйымдастырылуы көңілімнен шықты.

Сайыс кезінде айтарлықтай қиындықтар болған жоқ. Себебі, ол жерде өзіміздің істеп жатқан жұмысымызды көрсеттік. Тікелей өзіміздің кәсіптерімізге қатысты болғандықтан сынақтардан сүрінбеуге тырыстым. Сахнада қобалжудың болатыны заңдылық. Десек те студенттерімнің қолдауынан соң өзімді қайрай түстім.

Ауқымы кең іс-шараның өтуі университетіміздегі оқытушылар мен кураторлар жұмысының жемісі дер едім. Менің ойымша, кураторлар мектебі керек. Себебі, куратор студенттердің университет өміріне бейімделу уақытында балалардың бір-бірімен танысуы мен топ ретінде бірігуіне көмектесіп, оқуда бағыт береді.



Бұрың соңды болмаған байқау



Евгений ЗОЛОТУХИН,
инженерлік-техникалық факультеті:

- Байқау туралы естігенде қызығушылығым оянып, қатысуға ниет білдірдім. Өйткені, біздің университетімізде кураторлар арасындағы мұндай сайыс бұрың соңды болған жоқ. «Мың рет естігенше, бір рет көр» демекші, тәуекелге бел байлап барлық қабілет-қарымымды салдым. Сайыс барысында тәрбие жұмыстарын қалай жүргізетінімді көрсеттім. Тосыннан келген сұрақтар кездескен жоқ. Бәрі өзіміздің күнделікті атқарып жүрген қызметімізге қатысты. Сондықтан әр кезеңнің тапсырмалары түсінікті болды.

«Жылдың үздік кураторы» маған не берді?» деген сауал әркімнің көкейінде жүргені анық. Мен үшін бұл сайыс студенттермен арамыздағы достықты, сыйластықты күшейте түскендей. Өйткені кейбір кезеңдердің тапсырмаларын студенттермен бірлесе орындадық. Сондай сәттерде мен шәкірттерімнің қолдауын көрдім. Басқа факультеттердің кураторларымен де тіл табысып кеттік. Бір бірімізбен тәжірибе алмасып, таныстығымыз ұлы достыққа ұласты. Бізге осындай ерекше сезім сыйлаған байқауды жылдың ең басты оқиғасы дер едім.

7 мамыр қандай мереке?



Оқушы кезіңізде 7-мамырды ұлдардың мерекесі деп атап, бозбалаларды құттықтағаныңыз есіңізде шығар. Есейе келе бұл күннің маңызы зор, мағынасы тым тереңде жатқанын түсіне бастайсың. Ендеше, 7-мамыр туралы білетінімізбен бөлісуді парыз санадық.

1992 жылдың 7 мамырында тәуелсіз елдің заңдық құқықтарының негіздеріне және тәуелсіз мемлекеттер достығына қатысушы мемлекеттер арасындағы қол жеткен келісімдерге байланысты ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығы шықты. Бұл Жарлық бойынша, Қазақстан аумағына орналасқан Қарулы Күштер өздерінің мүліктерімен қоса, республиканың қарауына өтті. Жоғарғы Бас Қолбасшы ретінде Қарулы Күштерді басқаруды Президент өз мойнына алды. Елбасынан басқа қорғаныс ісімен тікелей айналысатын алғашқы Қорғаныс министрі болып генерал-полковник С.Нұрмағанбетов тағайындалды. Бұл күн Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрылған күні боландықтан «7-мамыр Отан қорғаушылар күні» деп жарияланды.

Аталған жылы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен үш жүйелі штаб - жаяу әскерлер, әуе қорғанысы күштері мен әскери-теңіз күштерінің бас штабтары бекітілді. Аэроұтқыр күштерге Жоғарғы Бас қолбасшының резерві құзыры берілді. 2001 жылдан Қазақстан 4 әскери - Орталық, Оңтүстік, Батыс және Шығыс округ-ке бөлінді. Бүгінгі күні Қазақстан өз азаматтарының

әскери қызмет атқаруының жағдайы мен тәртібін дербес анықтайды, өз аумағында әскерлердің, қару-жарақтың және техниканың орналасу мәселесін шешеді. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне жалпы мақсаттағы күштер, әуе-қорғаныс күштері, мемлекеттік шекараны қорғау күштері және де ұлттық гвардия мен ішкі әскерлер кіреді. Өз кезегіне қарай, қарулы күштер түрлі бөлімдерден және әр түрлі құрамалар мен арнайы әскерлерден тұрады.

1992 жылғы 7 мамырда Елбасы – Қазақстан Республикасының Жоғарғы Бас қолбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығы шыққан күннен бастап Қазақстанның қазіргі армиясының іргетасы қаланды. Тоқсаныншы жылдардың аяғында Қарулы Күш-тердің құрылымы реформаланып, әрі қарай жетілдіру жұмыстары жеделдей түсті. Мемлекет қауіпсіздігінің кепіліне айналған іргелі құрылымға биыл 25 жыл толып отыр.

Жыл сайынғы дәстүр бойынша, Отан қорғаушылар күнінде Елордамыз Астана қаласында әскерилердің шеруі өтеді. Сол күні Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев көзге түскен әскери қызметкерлерді марапаттайды.

Суретте: Қостанай қаласында орналасқан ҚР Ұлттық ұланы №6697 әскери бөлімінің сарбаздары.

Суретті түсірген Б.Төлебайұлы.

Ұлттық Ұланның ұланы

1992 жылдың 7 мамырында ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан Қарулы Күштері құрылды. Жоғарғы Бас Қолбасшы ретінде Қарулы Күштерді басқаруды Президент өз мойнына алды. Елбасынан басқа қорғаныс ісімен тікелей айналысатын алғашқы Қорғаныс министрі болып генерал-полковник С.Нұрмағанбетов тағайындалды. Бұл күн Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрылған күні болып естеледі. Сондықтан 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні деп жарияланды.

Сөзімізге тұздық болсын, Отан алдындағы борышын өтеп, қазіргі таңда өзіміздің Қостанай облысында қызмет етіп жүрген жас полицей Садықов Ерлан Әлімұлымен сұхбат жүргізген болатынмын. Садықов Ерлан Әлімұлы 1994 жылы 15 ақпанда Қостанай облысы, Дружба ауылында дүниеге келген. Ерлан бала күнінен бастап полицей болуды армандаған. Мектеп бітіріп арман қуып қалаға келіп, политехникалық колледжге түсіп, электрші-механик мамандығын қызыл дипломмен бітіреді.

-Ерлан, Отан алдындағы борышыңызды қай қалада, қай бөлімшеде өтедіңіз?

- Мен Алматы облысы, Алматы қаласында Қазақстан Республикасының Ұлттық Ұлан 5571 әскери бөлімінде Отан алдындағы борышымды өтедім. Біздің әскери дайындығымыз Еңбекшіқазақ



ауданы, Қапшағай ауылында және көбіне көп таулы жерлерде өтті.

- Әскердегі жағдай қалай екен?

-Мен әскерге баруға өзім сұрандым. Содан болар мен үшін қатты қиналатын жағдайлар болған жоқ. Мен қайта екінші жыл тағы алып қалса ғой деп армандайтынмын. Әр ер азаматтың борышы емес міндеті болғандықтан еш қиындық болмайды деп санаймын. Әрине кейде туыс-туғаныңды, бауырларыңды сағынасың, бірақ ер адам түздің адамы емес па.

-Отан алдындағы борышыңызды өтеп келгеннен кейін қандай жұмыстар атқардыңыз?

-Әскерден 2016 жылдың желтоқсан айында келдім. Келгеннен кейін ауылға барып бір жеті демалып, қалаға қайта келіп ІІД-не жұмысқа орналасуға құжаттар дайындадым. Құжаттарды 3 ай жинадым. Наурыз айынан бастап ІІД-де жұмыс істеймін. Мамыр айында кезекті бір айлық оқуға барамыз. Шілде айынан бастап облыстық жол патрульдік полициясы болып жұмыс істеймін.

-Мерекелік тілегіңіз.

-Құрметті қазақ жігіттері, сіздерді 7 мамыр - Отан қорғаушылар мерекесімен құттықтаймын! Отан алдындағы борышын өтеп жүрген азаматтар аман-есен елге оралыңдар. Әскерге енді баратын жігіттер сіздерге сәттілік тілеймін!

Алмагүл ТАЛҒАТҚЫЗЫ.



Медицина – адамды, ветеринария – адамзатты емдейді

Мектеп бітірген түлектерге “Дипломмен – ауылға!” бағдарламасы бойынша ветеринария мамандықтары бойынша жоғары оқу орындарына түсу үшін грант бөлініп, оқу бітірген жас мамандарға көмек көрсету мақсатында төменгі пайызбен несие, үй беру, жұмыс орнын бөлу қарастырылған.

Қостанай облысының аумағында мал шаруашылығы қарқынды дамып, ірі қараны асылдандыруға көп көңіл бөлінуде. Мал шаруашылығы саласында жұқпалы ауруларды болдырмау басты мәселе болып тұрғандықтан, әрі ветеринар мамандарының тапшылығын ескеріп, өңір басшысы Архимед Мұхамбетов әкімдіктегі жиында лауазымды мемлекеттік қызметкерлер, қала, аудан, ауыл әкімдеріне мал дәрігері мамандарын даярлауға көңіл бөліп, жағдай жасау керектігін тапсырған. Бұл туралы облыстық газеттерге жарияланған мақалалардан оқып білдік.

Біздің ветеринариялық медицина мамандығының студенттері, медициналық жоғарғы оқу орнының шәкірттеріндей: анатомия, гистология, физиология, патология, терапия, паразитология пәндерін зерделейді. Айырмашылығы, бізде оқу жануарлар дүниесіне бағытталған.

Студенттеріміз тәжірибелік сабақтарда ветеринарлық клиникада зертханалық жануарлармен жұмыс істеп: емдеп, хирургиялық ота жасау түрлерін меңгереді. Білікті оқытушы профессорлардың қадағалауымен ота жасауға көздерін қанықтырып, қолдарын жаттықтырады. Заманауи аппараттарды қолданып машықтанады.

Ветеринариядан дүние-танымы алшақ жандар, мал дәрігері тек жануарлар ауырғанда ғана керек маман деп ойлап қалады. Шынтуайтында, ветеринарлық білімнің өрісі кең. Алдымен, кедендік, шекарадағы ветеринарлық қадағалау арқылы алыс-жақын шетелдер арасындағы аурулардың алдын алады. Есірткі, жарылғыш заттарды анықтауда иттер мен кинология мамандығын жетілдіріп, ел тыныштығын сақтап, адам жанының арашасы болады.

Ветеринарлық зертханалар мен станцияларда ет-сүт тағы басқа мал өнімдерін қадағалап, қамбалар мен қоймалардағы тағамдарды бағалау шаруаларымен айналысады.

Соңғы онжылдықта халқымызды құнарлы азық-түлікпен, шетелден әкелініп жатқан аса бағалы асыл тұқымды малдармен қамтамасыз етуде ветеринария мамандарының рөлі ерекше.

Ветеринария мамандары ауырған малдарды емдеп, малдан – адамға, адамнан – малға (зоантропонозды) жұғатын індетті аурулардың алдын алу шараларымен айналысады. Заманауи құралдармен әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, уақытты үнемдей келе, қысыл таяң шақтарда ауру қыспағындағы жануарлардың өмірін сақтап, адам жанына төнген қауіптен құтқарады.

Мал дәрігерінің негізгі міндеті – жануарлар дүниесінің жағдайын жақсартып отырып, “Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы” деп күйзеліске түскен, өмірі мал шаруашылығында өтіп



келе жатқан ауыл еңбеккерлеріне демей болып, мал басын өз төлінен көбейтіп, асылдандыруға ат салысу.

“Төрт түліктің төресі – жылқы” десек, адам жанын жегідей күйзелтетін туберкулез дертін жылқының сүті қымызбен емдеп жатқан ветеринарлық медицина саласының маман-ғалымдары деу артық айтқандық болмас.

Ат спортының да қызып тұрған шағы емес пе қазір? Көкке шапшып, шаң қаптырар асауды бағындыратын да ветеринар мамандары.

Түйе сүті шұбаттың қант диабетінің алдын алу және қант диабетімен ауыратын науқастарды емдеу мақсатында қолдануға болатынын да ветеринар-ғалымдар дәлелдеді.

Жас нәрестелерге ана сүтін толықтыратын су-сын ешкі сүті екенін де ветеринария ғалымдары дәлелдеді. Ондай бастама медицинада кеңінен қолдау тапты.

А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ Елбасының Жолдауын басшылыққа алып, Қазақстанымыздың Солтүстік облыстары арасында мал шаруашылығын дамытуға үлес қосатын, жоғары білімді ветеринария мамандарын, әрі әскери кафедрасында егеменді Қазақстанымызға Отан қорғаушы офицерлер даярлайтын оқу орны болып көш бастады.

Алыс ауыл, аудандардағы, қалалардағы мектеп бітірушілерге А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың ветеринария және мал шаруашылығы факультетіне оқуға түсем деушілерге есігіміз әрқашанда ашық.

Ерлан СЕРІКБАЙҰЛЫ,
Баймұхан ТЕМІРБЕКҰЛЫ,
ҚМУ-дың ветеринарлық медицина
кафедрасының оқытушылары.

Күміс белдік

Түркі тілдес халықтардың ішінде қазақ халқы да белдікті өте жоғары бағалап, қатты қастерлеген. Қалыңдық пен күйеу жігіт арасына белдікті салуында /төсекте/, белдікті мойынға асып маңызды іске кірісуде, тәуекел қылуда... Белдікті сыйлау, белдікті шешу дәстүр болып, оларға көп мән берген..

Белдіктің сырын ашу үшін, түрлі белдіктердің ішінен, қазақ өнерін зерттеуші мамандардың бірі Ө. Жәнібековтің «Культура казахского ремесла» еңбегінен әйел затына арналып соғылған күміс белдікті таңдадым. Бұл кітап «Өнер» баспасынан 1982 жылы басылып шыққан. Автордың еңбегін бағалаған сол кездегі тарих ғылымының кандидаты К. Ақышев және тарих ғылымының докторы Х. Арғынбаев мырзалар болатын. Олар кітаптағы 103-ші суретте көрсетілген күміс белдіктің қазақ халқының туындысы екендігін құптады. Белдіктің жасалу уақыты белгісіз, шамамен 18 - 20 ғасырлар арасындағы уақыттарда жасалынған болуы мүмкін. Күміс белдік әсемдік жағынан және орындалу жағынан өте шебер соғылған. Ертеден жеткен түрлі бұйымдарды зерттеу нәтижесінде, қарастырылып отырған күміс белдікте құпия сырдың бар болуына сенімім артты. Егер күміс белдік 18 - 20 ғ.ғ. аралығында соғылса, онда күміс белдіктегі нышандар көпшілікке неге беймәлім. Мүмкін, күміс белдікті жасаушы зергер, басқа түпнұсқадан көшірме жасаған болар. Бұл пікірді қолдаушы ғалымдар көп болар, себебі олар ертеде сақ қауымдастықтары ежелгі Қос өзендегі, Ніл жағалауындағы және т.б. оңтүстік өңірлерге жасалынған жорықтар барысында жергілікті қол өнерлерімен танысқан деген ойда. Осыған орай далалы жерде скиф – сақтық қол өнері қалыптасқан делінеді.

«...Исследователи сакского искусство считают, что оно было тесно связано с искусством Ахеменидского Ирана и Бактрии, с одной стороны, и искусством Китая эпохи Чжоу и Хань - с другой. В науке существуют разнообразные предположения относительно места и времени формирования сакского искусства «зверинного стиля»....Скорее всего, в начале I тыс. до н.э. на территорию современного Ирана стали проникать ираноязычные племена, под влиянием которых распространился ряд обычаев, новые типы вооружения и конского снаряжения. Вместе с иранцами и появились новые сюжеты в искусстве. В то же время, иранцы, познакомились с культурой Ассирии, Элама, Урарту, восприняли достижения их цивилизации. У них иранцы позаимствовали некоторые черты композиции и стиля. Так сложилось искусство Ахеменидского Ирана, которое оказало сильное воздействие на искусство саков. А познакомились саки с искусством этих государств во время своих переднеазиатских походов. После разгрома их царства мидийским царем Киаксаром, вернулись домой и унесли с собой многие образцы изобразительного творчества. ...Именно тогда отсюда к сакам пришли образы льва, льва - гри-

фона, «древа жизни». Эти образы вписались в число местных животных, среди которых были олень, баран, верблюд, снежный барс, тигр, орел. Все перечисленные образы не были украшениями, саки вкладывали в них определенные содержание. Ювелирное искусство достигло высокого совершенства. Мастера художники были знакомы с литьем. штамповкой золото и могли изготавливать удивительные по изяществу, композиционному построению изделия из золота, серебра, бирюзы, которые украшали человека и его одежду, сбрую коня, предметы быта. Это гривны, украшенные мордами животных, кольца, серьги с подвесками из граната и бирюзы, наборные пояса с золотыми бляхами, бляхи - нашивки на одежду.

В первом тысячелетии до н.э. на территории Средней Азии, Ближнего и Среднего Востока сформировались государства Ассирия и Мидия. В 6 в. на смену Мидийской державе приходит государство Ахеменидов. Основателем его был царь группы персидских племен Кир 2, который в 550 г. до н.э. разгромил и подчинил себе Мидию и создал огромную державу, включавшую в себе и Южные районы Средней Азии. В состав Ахеменидского государства / в промежутке между 530 и 522 г.г. до н.э./ входили Парфия, Хорезм, Бактрия, Согдиана, Сала, и народы, которые находились на территории Средней Азии и Казахстане, были завоеваны Ахеменидами, либо подчинены им. Севернее бактрицев, согдианцев, и хорезмицев в степях Казахстана, по сведениям древних источников, обитали кочевые «туры с быстрыми конями.» Туры в персидских источниках именуются саками, что значит «могучие мужи», а в сочинениях греческих авторов фигурируют под именем скифов, которые широко вошло в обиход, как синоним кочевников.»

«История Казахстана с древнейших времен до наших дней» /очерк/ Алматы, «Дәуір», 1993 г. стр.41-42,30

Скиф – сақ өнері ахеменидтік Иран, Бактрия және Қытай елді мекендерінен келді деген пікірлерге өзім келіспеймін...Көп себептердің біріне, жоғарғы дәрежедегі ескі өркениеттегі елдің тұрғыны Геракл өзінің 9-шы ерлігін Амазон елді мекенінде жасауы түрткі болды. Тарихтың атасы аталған Геродот б.з.д. V ғасырда скифтердің аңыз шежіресін жазған делінеді. Бұнда Зевс құдайдың Геракл деген баласының ерліктері жазылған. Гераклдың 12 ерлігінің бірі, яғни тоғызыншысы, - амазон еліне барғандағы ісі. Аңыз әңгіменің мазмұны бойынша, Эфрисей патша Гераклді амазон еліне жұмсап, оның амазон патшайымы - Ипполитадан биліктің нышаны саналатын белдікті алып келуін тапсырады. Бұл белдікті соғыс құдайы Арес қызы - Ипполитаға сыйлаған. ...Сонда, Эфрисей патшаны белдіктің қандай қасиеті қызықтырды? Белдік қалайша билік нышаны болады, егер де барлық адам белдерін белдікпен буынса?

Белдік өте құнды заттармен безендірілген бе,



әлде өте сүйкімді жасалынған ба, әлде шартты белгілердің болуында ма? Бірақ аңыз бойынша белдік қайыстан жасалынған... Меніңше белдікте шартты түрдегі белгілердің болуында. Олай айтуға, Эфрисей патшаның өзі де, оның туған қызы - Адмента да әкелінген белдікке немқұрайлы қарауларында және кейін ол белдікті Жер құдайы Гераның ғибадатханасына тапсырулары себеп болды. Олар белдіктегі шартты белгілерді байқамады, байқаса да белгілерді тани алмады, сондықтан белдік құнсызданып, оларға қажеттілігі болмай қалды. Қазақта ым белгілерді түсінбейтін адамзаттар туралы мақал бар, - «ым білмеген дым білмес» делінеді. Бұл мақал алғашқы адамзатының, алғашқы сурет салуымен, алғашқы мүсіндердің пайда болу уақытымен, тіпті алғашқы сөз айтыла бастағанда пайда болған. Себебі кез келген сөз, бір көріністің, бір жағдайдың, бір үннің дыбыстық атауы. Ал кез келген дыбыстық атау дыбыс белгісі болады. Дыбыс белгі - ымның басқа бір түрі.

...Амазондықтардың мекені (қыздар ауылы) әлі күнге дейін дұрыс анықталмаған - бірде Кавказ таулы аймақтары, бірде Қара теңіз және Каспий теңіздерінің аралығындағы далалы мекенді жерлер делінеді. Суретте көрсетілген белдікпен танысатын болсақ, келесі жағдайларды байқауға болады. Белдіктің өзі айтып тұрғандай, белдік күмістен соғылған. Белдіктің бауы - ұзынша төрт бұрышты ою - өрнегі бар бөліктерінен /бөлшектерінен/ құрастырылған. Оларды пластина деп аталық. Пластиналар өзара жіңішке шыңжырлармен бекітілген. Белдіктің тоғасы, қатарласа қойылған екі үлкендеу дөңгелек пластиналар, - томпиған екі түймеге ұқсайды. Алдағы уақытта оларды, - «тау түймелер» деп атайық. Тау түймелердің ортасында, белдіктің бауындағы пластиналардай ұзынша келген төрт бұрышты пластина, - екі тау түймені біріктіріп тұр. Белдіктің тоғасы, пішіні

жағынан шексіздіктің белгісіне - 00, немесе бір жақ бүйірінде жатқан сегіз - 8 санына ұқсайды. Тоға мен пластиналар ою - өрнектермен өрнектелген. Тоғада, екі тау түймелердің ортасындағы пластинаның ортасында, - домалақ тас түйін және төрт кіші домалақ орнатылған. Бұл дөңгелек - тас түйін, жарық сәулені шашырата шығарып тұрғандай өрнектелген. Тоғадағы пластинаның шеттерінде, төрт кіші домалақтардың орналасуы ортадағы тас түйінге қатысты қарастырсақ, - «Х» /икс / белгісін білдіреді. Белдік бауындағы пластина саны 62. Тоғадағы пластинаны қосып санайтын болсақ, - 63 болады. Тоғадағы пластинада, - төрт кіші домалақ және үлкен бір домалақтың орналасуына қатысты, - оны «күрделі пластина» деп атауға лайықты. Баудағы 62 пластинаның ішінде төрт пластина ортасынан кіші дөңгелек тесікпен тесілген. Белдік бауындағы бірінші тесілген пластина тоғаға бекітілген. Екінші тесілген пластина белдік бауында он бірінші / 11 / орында. Екі тесілген пластина ортасында тоғыз / 9 / тұтас пластина бар. Үшінші тесілген пластина он тоғызшы / 19 /, төртінші тесілген пластина жиырма бірінші / 21 / орында орналастырылған. Екінші және үшінші тесілген пластина ортасында жеті / 7 /, үшінші және төртінші тесілген пластина ортасында бір / 1 / тұтас пластина бар. Төртінші тесілген пластина мен белдік бауының шетіне дейінгі пластиналар саны қырық бір / 41 /. Сонда, тесік пластиналар саны, - 4 ал тұтас пластиналар саны - 58 болады / 62 - 4 = 58 /. Күміс белдіктің осылайша жасалуына қандай қажеттілік болған. Әлде сәндік, әсемділік үшін жасалған ба? Мүмкін әйел затына қажетті нәрселерді ілуге арналған немесе жәй сәйкестік деуге бола ма?... Мұны зерттеу қажет.

Әулиехан ӘБЖАНОВ,
тау-кен инженері.



А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті



А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-да оқуды таңдаудың басты себептері:

Қостанай мемлекеттік университеті – Солтүстік Қазақстандағы негізгі білім беру мекемесі, аумақтағы ғылыми және мәдени орталық. Бұл мемлекеттік мәртебедегі жоғарғы оқу орынының көпжылдық дәстүріне қаныққан биік дәрежедегі сапалы білім алудың көпірі.

Еңбек нарығында сұранысы кең мамандықтар қатары – университет 34 бакалавриат мамандығы, 21 магистратура мамандығы және 5 PhD докторантура мамандығы бойынша кадрларды дайындайды.

Қазіргі заманауи білім беру технологиялары – студенттерге болашақ жұмыс орнына байланысты өзінің оқу бағдарламасын әзірлеудің, ең үздік оқытушыларды таңдаудың, қазіргі заманауи жабдықтарды қолданудың, өндірістік ортада оқудың, бизнес-жобаларды әзірлеуді үйренудің мүмкіндіктерін береді.



Практикаға бағытталған оқыту – елеуетті жұмыс берушілер өздеріне қажет мамандары дайындауға тікелей қатысады: олар оқыту курстарын қалыптастыруға қатысады, сабақтарды өткізеді. Оқу сабақтары мен практикалар тікелей кәсіпорындарда, кафедралардың кәсіпорындардағы филиалдарында өткізіледі.

Еуропалық білім беру кеңістігіндегі тығыз интеграция – академиялық ұтқырлық аясында, халықаралық жобалар мен студент алмасу бағдарламалары «Темпус», «DAAD» және басқалар арқылы студенттер қазақстандық және шетелдік ЖОО-да оқу және тәжірибе алуға болады. Италия, Германия, Финляндия, Австрия, Испания, Польша, Чехия Республикасының белгілі университеттері А.Байтұрсынов ҚМУ-дың серіктестері болып табылады.




Бай материалдық-техникалық база



Дәрісханалар



«Білім орталығы»
Білім-ақпараттық кешені




Спорт кешендері



Тракторлар мен автокөліктерді оқыту цехы



Оқу теледидар студиясы



Ветеринарлық клиника

Студенттерді әлеуметтік қолдау – ЖОО гранттары: А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ ректорының **«Мәртебе», «МЕРЕЙ»** және **академик Кенжеғали Сагадиев атындағы** білім беру гранттары университеттің күндізгі бөлімінде ақылы нысанда оқитын білім алушылардың білім жетістіктері (GPA 4.0) көрсеткішіне ие болған студенттерге **100% жеңілдік**, ата-анасы (балалар үйлері мен мектеп-интернаттар) жоқ университет студенттері үшін оқу ақысы **50%** және университет жатақханасында тегін тұру, ұлттық және халықаралық деңгейде ғылым, мәдениет және спорт жетістіктері үшін студенттерге оқу ақысынан **25%, 50%** және **100%** жеңілдіктер қарастырылған.

Спортты дамыту, ғылыми және шығармашылықпен айналысу мүмкіндіктері – университетте студенттерінің жеке қабілеттерін дамыту үшін барлық жағдайлар жасалған. Спорттық секциялар, студенттік «Өнер» студиясы (вокал, музыка, хореография және поэзия мен импровизация), КВН және оның көшбасшысы - «13 район» командасы, «Ахметұрпақтары» дебат клубы және тағы басқалар.



«Ахметұрпақтары» дебат клубы



«Өнер» студиясы



КВН

Мамандықтар	Білім беру бағдарламалары	Жалпы көрсеткіш нәтижелер (15 баллдан кем емес)	Бейнелік нәтижелер (15 баллдан кем емес)
Аграрлық-биологиялық факультеті, тел. 55-84-63			
5B060700-Биология	1. Ландшафты дизайн 2. Ормантану	Биология	Химия
5B060800-Экология	1. Биология 2. Гезоэкология	Биология	География
5B072700-Азық-түлік өнімдерінің технологиясы	1. Арнайы бағыттағы және қоғамдық тамақтану өнімдерінің технологиясы 2. Консерві және татами концентраттары технологиялары	Биология	Химия
5B072800-Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (сала бойынша)	1. Астыққа қабылдау және саяқтау технологиясы 2. Нан, макарон және кондитер бұйымдарының технологиясы	Биология	Химия
5B073200-Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша)	1. Астық кешеніндегі стандарттау және сертификаттау 2. Өңдеу кешеніндегі стандарттау және сертификаттау	Математика	Физика
5B080100-Агрономия	1. Дәнді және техникалық дақылдарды өсіру технологиясы 2. Далалық және шабынды жермен өндірісі 3. Өсімдік қорғау және карантин	Биология	Химия
Гуманитарлық-ақпараттық факультеті, тел. 51-11-44			
5B020500-Биология:	1. Аударма ісі 2. Кітапхана ісі	Оқыту тілі және әдебиеті	Тарих
5B020700-Аударма ісі	1. Халықаралық қатынастар саласындағы аударма 2. Қолданбалы аударма	Шет тілі	Тарих
5B021000-Шетел тілі филологиясы	1. Шет тілдер және іскерлік аналитика 2. БАҚ қызмет түрлері	Шет тілі	Тарих
5B050300-Психология	1. Кәсіпорындағы психология 2. Білім жүйесіндегі психология	Биология	География
5B050400-Журналистика	1. Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары 2. Қоғаммен байланыс	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
Инженерлік-техникалық факультеті, тел. 55-85-17			
5B060400-Физика	1. Радиофизика және электроника 2. Қолданбалы физика	Математика	Физика
5B071300-Көлік, көліктік техника және технологиялар	1. Автомобильдерді техникалық пайдалану 2. Автосервис және фирмалық қызмет	Математика	Физика
5B071800-Электр энергетикасы	1. Электр қондырғыларын пайдалану 2. Ресептік қорғаныс, электрқондырғыларды монтаждау, жөндеу және қызмет көрсету	Математика	Физика
5B072400-Технологиялық машиналар және жабдықтар (сала бойынша)	1. Ауыл шаруашылық машиналарын жасау 2. Металды өңдеу	Математика	Физика
5B080600-Аграрлық техника және технологиялар	1. Өндірістік-технологиялық қызметі 2. Сервистік-пайдалану қызметі	Математика	Физика

Сіздің дұрыс таңдауыңыз - ҚМУ

Солтүстік Қазақстан аймағында орналасқан Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті – ірі аймақтық, көп салалы ғылыми және мәдени орталық. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне орай 1992 жылы Қазақ педагогикалық училищесі негізінде құрылған Қостанай мемлекеттік университеті А.Байтұрсынов атындағы білім ошағы болып қайта құрылды.

Қостанай мемлекеттік университеті – бүгін республиканың таңдаулы 10 жоғарғы оқу орындарының бірі болып табылады және мемлекеттік бағдарламалар мен «Серпін» әлеуметтік жобасына арналған тренинг ұсынады. ЖОО-да 7 факультет бар. Оқу үш деңгейлі жүйе бойынша жүргізіледі: бакалавр, магистратура, докторантура. Мамандарды даярлау 33 бакалавриат, 21 магистрант және 4 докторант мамандықтары бойынша жүзеге асырылады. Университет оқу жоспары практикаға бағдарланған. Сондықтан ҚМУ-нің аймақтағы ірі өнеркәсіп орындарында барлық мамандар, бұқаралық ақпарат құралдары, мемлекеттік органдар үшін ведомстволардың 50-ден астам филиалы жұмыс істейді. Университет бүгінде білім көзі ғана емес, болашақ мақсат үшін барлық тәжірибелі дағдыларды қанағаттандырады.

Жоғарғы оқу орнында болашақ мамандардың практикалық дағдыларын дамыту үшін зертхананың түрлі түрі орнатылған: энтомологиялық мұражай, инженерлік-техникалық мамандар даярлайтын ақпараттық жүйелер зертханасы құрылған.

Университет Еуропалық қауымдастықтың мүшесі, белсенді ғалымдар Еуропалық одақ бағдарламасы бойынша «Темпус» бағдарламасына мүше болып табылады. Қостанай мемлекеттік университетінің оқу үшін шет елге баруға мүмкіндігі бар және Эрасмус бағдарламасы шеңберінде ең үздік Еуропаның Жоғарғы оқу орындарында тегін білім алуға мүмкіндігі бар, сол арқылы жақын және алыс шетелдегі жоғарғы оқу орындарымен 70-тен астам екі жақты серіктестік келісімдер бар.

Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетіндегі ғылым – ғылыми мектеп, жоғары дәрежелі профессорлар мен оқытушылар құрамы, ғылыми басылымдары бар. Университетте әртүрлі бағытта ғылыми мектептер қалыптасқан, экономикалық зерттеу орталығы, инновациялық ғылыми-білім беру орталығы және т.б. 2016 жылы университетте әскери кафедра ашылды. Мұнда білім алған студенттер әскери билет пен әскери лейтенант шенін алып шығады. 2017 жылдың наурыз айында А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ мемлекеттік қызмет ісі департаменті мен Қостанай облысының сыбайлас жемқорлыққа қарсы департаментімен ынтымақтастық және серіктестік қарым-қатынас меморандумына қол қойды. Бұл факт оқу ордамыздағы басты принциптерді растайды – адалдық, ашықтылық және таза оқу жүйесі.

Университет студенттің әлеуметтік қорғанысына көп көңіл бөледі. Жыл сайын ЖОО жағдайы төмен отбасылар мен жетім балаларға грант бөледі. Мемлекеттік шәкіртақы мен оқу ақысына байланысты жеңілдіктерден тыс материалдық көмек ретінде оқу ордамызда әртүрлі гранттар саны көп, соның ішінде А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің ректоры гранты және атаулы гранттар.

Студенттік шақ – адам өміріндегі есте қаларлық тама-



ша қызықты кезең. Студенттік өмір тек қана дәріс тыңдап, сабаққа барумен шектелмейді. Сонымен қоса ҚМУ-да студенттер тегін бара алатын, үйірмелер саны айтарлықтай. Творчестволық және жеке дара қабілеттілікті дамыту үшін жоғары оқу орнында «Өнер студиясы», «Шанырақ» жастар театры, «Ахмет ұрпақтары» пікірталас (дебат) клубы, Арулар отауы, көңілді және тапқырлар клубы, студенттік Қазақстан халықаралық ассамблеясы бар – бұл біздің университетіміздегі қызығушылық орталықтың толық тізімі емес.

«Жастар» оқыту телевизиялық студиясы бейнероликтік өндіріспен және «Жастар» студиясы мен радиосына жеке телевизиялық сюжеттер дайындаумен айналысады. Медиа-студия университет ішінде университеттік «Білім жарысы» газетін және республикалық каталогқа енгізілген «Жас өркен – Қостанай» журналын шығарады.

Біздің оқу орнында салауатты өмір салтын ынталандыру және спортпен айналысу үшін барлық жағдай жасалған. «Сұңқар» спорттық клуб қабырғасында бір ғана атақты спортшылар ұрпағы шыққан жоқ. Алматыда өткен 2017 жылғы бүкіләлемдік XXVIII қысқы Универсиадада шаңғы жарысының күміс жүлдегері Виталий Пухало оқу орынның мақтанышы. Студенттер талабына сай интернет желісіне қосылған және техниканың соңғы үлгідегі компьютерлерімен жабдықталған заманауи ғылыми «Білім орталығы» кітапханасы жұмыс жасайды. Университет облыстағы екі музейі бар жалғыз оқу орны - Ахмет Байтұрсынов атындағы музей және оқу орнының тарих музейі, екі заманауи жатақхана және медициналық орталық бар.

Студенттік өмір қызықты және сан қырлы, сол себепті университеттің өз дәстүрі бар, бұл жыл сайын өтілетін біздің студенттер мен оқытушылардың белсенді қатысатын әртүрлі және студенттердің қатты жақсы көретін іс-шаралары – олар: Қысқы балл, Мисс КГУ, және КГУ MAN, Асыл Ару, сәлеметсіздер ме - бұл біз, Екі Жұлдыз.

Осылайша А.Байтұрсынов атындағы Қостанай Мемлекеттік университеті – өзінің жоғары беделі бар, шетелдік әріптестер академиялық байланысты қолдайтын тұрақты даму, білім беру қызметтері нарығында және қамтамасыз ететін инновацияларды және ғылыми жетістіктерді өндіріске және қоғамдық өмірдің басқа да салаларында жетістікке жеткен.

ҚМУ – бұл сіздің дұрыс таңдауыңыз және жарқын болашағыңыздың көпілі!

Елбасының мақаласы талқыланды

Университетіміздің акт залында Елбасының еліміздің бас газеті «Егемен Қазақстанға» жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын студенттерге тереңірек насихаттау мақсатында конференция өтті.

Дөңгелек үстел қонақтары: белгілі ақын, университетіміздің профессоры Ақылбек Шаяхмет, оқу және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры Алмасбек Әбсадықов, «Ахмет ұрпақтары» дебат клубының президенті Ақыл Асқарова және университетіміздің студенттері болды.

Бәрімізге белгілі, жақында газет беттеріне Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты көлемді мақаласы жарық көрген болатын. Мақала негізгі деген 6 бөлімнен тұрады. Олар:

1. Бәсекелік қабілет;
2. Прагматизм;
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау;
4. Білімнің салтанат құруы;
5. Қазақстанның ревалюциялық емес, эвалюциялық дамуы;
6. Сананың ашықтығы.

Конференция қонақтары мен студенттер арасында қызу талқыға түскен тақырып «Ұлттық бірегейлікті сақтау» болды. Осы тұрғыда Ақылбек ағай мардымды ойлар мен тұшымды пікірлер айтты. Жалпы бір ғана емес, барлық кезеңдегі тақырыптарды ағай жік – жігіне бөліп жеткізіп талдады. Университетіміздің оқу және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры Алмасбек Әбсадықов та ұлттық код жайында біраз толғанды. Студенттер өздерінің көкейінде жүрген сұрақтарын қойып, керекті жауаптарын алды. Кей студенттер кездесудің қонақтарының пікірлеріне қарсылықтарын білдірсе, кейбіреулері жақтап, өз ойларын ашық айтты.

Елбасының бұл мақаласына орай елдің болашағы жастар. Жастар терең білім алып, халыққа адал қызмет жасаса, Қазақстанның болашағы зор болады дегім келеді. Ең бастысы ұлттық санамызды жойып алмайық. Елбасы әрдайым «болашақ жастардың қолында» деп айтады, жастарға сенім артады. Ендігі кезек жастарда. Құрметті студенттер, Елбасымыздың осы мақаласын оқыңыздар, оқысаңыздар мақалада айтылған ойларды іске асыруға үлестеріңізді қосуға тырысыңыздар дегім келеді.

Белгілі ақын студенттермен кездесті

Л.Толстой атындағы облыстық-әмбебап кітапханасында болашақ журналист Жанболат Кенжеғұлдың ұйымдастыруымен қоғамдық лекция өтті. Бұл жолы студенттерге лекция оқуға танымал ақын, журналист, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты Нағашыбай Мұқатов келді. Дәріс «Ұлттық әдет – ғұрыптардың тәрбиелік мәні» жайында болды.

Кітапханада өткен дәрісте Нағашыбай ағай студенттерге біраз тұшымды әңгіме айтты. Ұлттық әдет-ғұрып пен салт-сана жайында терең мағыналы, мазмұнды ойларымен бөлісті. Ағай қазіргі жастардың тәрбиесі туралы былай деді: «Қазақ қыздарының шетелге тұрмысқа шығып, қор болып жүргені жанға батады. Қазақ балаларының өзге ұлт өкілдеріне еліктеп орыс тілінде сөйлегені жүректі ауыртады. Жас ұрпақтың орыс тілінде шүлдірлеп тұрғанын талай рет көрдік. Ахмет атамыз ана тіліміздің жойылып кетпеуі үшін күресті емес пе. Ең болмаса Ахаң атындағы оқу орнында оқығандықтан, Алаштың ардақты азаматының аруағын сыйлап қазақ тілінде сөйлесе нұр үстіне нұр болар еді. Осының бәрін көріп, жастардың болашағынан қорқамын. Әрине, бәрі бірдей осындай деп айтпаймын, бірақ қоғамымызда, біз өмір сүріп жүрген ортада мұндайлар көп. Негізі тәрбиенің тал бесігі – ауыл. Ауыл деп отырғанымыз – университет, ал ата-аналарымыз бен ата-әжелеріміз – профессорлар. Мен өзім ауылда өстім. Ауылдың тәрбиесі қалаға қарағанда біршама жоғары. Мен бұл сөзіммен қаланың балалары тәрбиесіз демеймін, бірақ арасында ана тілін білмейтін жастар кездеседі».

Нағашыбай Мұқатов сөз соңында жастарды ата-бабамыз салған сара жолдан адаспауға шақырды. Сонда ғана ұлт жойылмайды. Нағашыбай ағайдың ойлы әңгімесін университетіміздің белсенді студенті Нұрсұлтан Қасымның орындауындағы әсем ән түйіндеді. Кездесуге жиналған студентер «Қоғамдық лекция. Қостанай» жобасының қонағымен бірге естелік суретке түсті.



А.ТАЛҒАТҚЫЗЫ,
ГӘФ журналистика мамандығының студенті.

Негізгі байлық басты назарда

Тәуелсіз мемлекет Қазақстанның Президенті жүргізетін салиқалы, салмақты саясатты жергілікті бұқара халықтың әлеуметтік тұрмыстық тіршілігінен, рухани тынысынан бөле-жара қарауға мүлде болмайды. Осы тұрғыдан зерделеп қарасақ, ұлт көсемінің жуырда баспасөз бетінде жарияланып, бірауыздан қуаттауға ие болған "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" деп аталатын мақаласының маңызы айрықша. Содан болар, республикадағы радионы қосып, теледидар арналарына назар аударып, газет-журналдарды парақтасаңыз жұртшылық жұмыла үн қосып жатқанына шексіз сүйсінесіз. Орайы келіп тұрған соң қатардағы қаламгер ретінде мен де өзіндік пайым, пікірімді білдіруді жөн санадым. Үнсіз қалу ыңғайсыз екен.

Ең бірінші айтарым құдіретті Құдай жаратқан, қоғамның басты байлығы болып саналатын ұлт өкілдерінің кез келгенін тек қана пішінімен, бет-ауызымен, түрімен көз алдымызға елестету өте қиын. Осы лебізіме атойлап, қарсы көтерілер пенде табыла қоймас. Ал, қазақ халқының ықылым заманнан бергі таңбалы тарихына, сондай-ақ өзіндік өмір салтына үңіліп көрсек, руханиат тұрады көк байрағын желбіретіп. Бәрін түбірінен түгендеп, тізіп жатпай-ақ қандастардың киелі сөз өнеріне, мақал-мәтелдерге, тағылымды термеге, әуезді өнге, құдыретті күйге әуестігін айтсақ та жеткілікті. Қанымызбен қатар қозғалып, жанымызды жаңғыртатын ежелгі әдет-ғұрыптың жөні тіпті бөлек. Шындығын айту керек, президенттің соңғы мақаласында руханиатқа көңіл бөлуі үлкен-кішіні, әсіресе зиялы қауымды тереңнен тебірентті. Аталған мақалада Нұрсұлтан Әбішұлының: "Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдер мен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес" - , деп жазуы жарасымды-ақ. Елбасы халыққа соңғы Жолдауында айқын айтқанындай Қазақстанда жаңғырудың үшінші сатысы жүйелі жүріп жатыр. Басты мақсат мүдде жер бетіндегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу екендігін бәрі жақсы біледі. Біз тәуелсіздіктің 25 жылы ішінде осы бағытта біраз тиянақты шара-



лар жүргізілгенінен толық хабардармыз. Әсіресе "Мәдени мұра" және "Халық - тарих толқынында" деп аталатын бағдарламалар тұрақты түрде мемлекет бақылауында ұсталынып, нақтылы нәтижелер берді. Және қозғалыс одан әрі қуатты жалғасын табуда. Арғы ата-бабалардың ірі-ірі іс әрекеттері мен ұлттық рухани тамыр-тыр тереңде жатыр десек, одан ұдайы нәр жинап, әлденіп отыру ұядағы ұл-қыздардың, ұрпақтардың басты парызы. Жаңғыру дегеннің өзі тарихи тәжірибелерді одан әрі мазмұндандырып, байытып, ғажайып салт-сананы, дәстүрді үзіліссіз дамыту емес пе? Сөз реті келгенде айта кетейік, жаһандануға жанталаса үн қосу өмірдің өзінен туындайды. Бірақ ол жиын, мәжілістерде зиялы қауым өкілдері үнемі ауызға алып жүргеніндей ұлттың рухани жағынан жетілуіне, мәуелі жеңіске жетуіне кедергі келтірмеуге тиіс. Өмір сүру үшін өзгере білу керек деген қағиданы қатты қуаттаймыз. Ол батысқа бас шұлғу, өзгелерді әннің қайырмасындай қайталау болмағаны жөн.

Білімсіз ғұмыр кешу, ілгері аттау бос әурешілік. Қазір қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жағдайы жан-жақты сөз болып жатыр. Байқауымызша бұған келісе

қоймайтындар некен саяқ. Ауқымы кең шараға Қазақстан сақадай сай дей алмаймыз. Оқулық әзірлеу жағы ойластырылып, оған осы саланы жетік білетін ғылымдардың, тіл мамандарының көптеп тартылатыны жан сүйсіндіреді. Мақалада өте дұрыс айтылғанындай мұның өзінде ұлтты ұзақ ойландырып, терең толғандыратын логиканың жатқанын жасыруға болмайды. Құнды ұсыныс әлі де сараптау, таразылаудан өтіп, бірнеше саты бойынша қолдау табатыны ақиқат.

Елбасы мақаласында прагматизм деген сөз кездеседі. Яғни мұнда ғасырлар бойғы жинаған ұлттық құндылықтарымызды бағалау, соған сәйкес түсінікті, тұжырымды жоспар құру, ысырапшылдыққа, астамшылыққа, даңғойлыққа жол бермеу, сөйтіп шынайы, табиғи мәдениеттің белгісі орынсыз сән-салтанат еместігі қатты ескертіледі. Бұл өзін жарқ еткен жаңалық та емес. Халықтың көбі осы маңызды мәселелерді бас қосқан отырыстарда айтып жүргені жасырын емес. Соны Президенттің сезе білгені қуантады, әрине. Келісетін шығарсыздар, халық көзі әрқашан көреген, жүрегі сезгіш қой. Яғни, Президенттің мақаладағы айтар ойлары мен халық пікірі ұштасып жатса іс ілгері жылжыды дей беріңіз. Және бір айтар жай, осының барлығы соңғы жылдары қанға сіңе бастаған кей жат әрекеттерден, оқыс қимылдардан, омақаса орға құлаған пиғылдардан сақтандырады. Құдіретті Құдайдың өзі сақтансаң сақтарымы деген емес пе? Баяғыдан мақал-мәтелге айналып кеткен бұл сөзді ересектер жағы әркез қайталайды.

Жалпақ жұрттың ауызында, гу-гу әңгімеге айналған бір лебіз жүр. Осы заманда «балғын балалар, жарқын жастар үшін компьютер әкеге, теледидар шешеге айналып кеткен жоқ па?» дейді қазақтардың басым бөлігі. Бұған автобуста келе жатса да, аялдамада тұрса да, үйде отырса да, төсекке жантайса да қолдарынан түспейтін ұялы телефондарды қосыңыз. Былайша айтқанда интернетке иіліп сәлем беретіндер жағы басым қазір. Олай болса компьютерлік сауатты жүйеге қою, шет тілін білуге байланысты пікірлерді де мақала түгелдей қамтыған.

Президент мақаласында "100 жаңа есім" нұсқасын жасау жәйлі жан-жақты айтылған. Өте орынды. Қазақ ұлтында өмірден озған, бірақ халқы үшін моншақтатып тер төккен майталман, мақтаулы мамандар көп қой. Кейде қадірін біліп, кейде білмей жүрген көзі тірілер де ортамызда жүр. Ұлт тұлғаларын алтын қорда қалдыру мәселесінің әңгіме арқауына айналуы бәрімізді де аса риза етті. Үстіміздегі жылдың ақпан айында жарық

көрген республикалық "Ақиқат" журналында "Алтын қор" деп аталатын ғылыми, зерттеу мақала жарияланды. Онда республикалық Қазақ радиосы мен теледидарында алтын қор редакциялары пәрменді жұмыс істей алмай отырғанын сынадым. Жазушы журналист С.Оразалин кезінде көгілдір экраннан "Сұхбат" атты хабар ұйымдастырып, аттары алты алашқа белгілі көрнекті ақын-жазушылар мен өзара әңгіме құрғанын кім ұмытар? Олардың бәрі қор қоржынында мұқият сақтаулы. Ең өкініштісі сол, Оразалиннің оңды, тағылымы таудан асқақ қызметін әрі қарай іліп әкетіп, жалғастырып жатқандар байқалмайды. Негізі бұрынғыларды айтып отыру, нанымды насихаттау арқылы ғана өмір өзінше өрнекті. Дәл осы қырынан қарағанда тұлғаларды танып білу аса қажет. Қостанайда өткен мәртебелі бір жиында егер айтып, жазып, насихаттап отырмасақ ұлы, алып Абай да ұмытылуы әбден мүмкін-ау дегенмін.

Қазіргі таңда кітап оқитындар сиреді. Рас сөз бұл! Рухани жағынан жаңғыру, жандану, даму үшін санада адамға, ұлтқа тән қозғалыс жүрмей болмайды. Өзімнің сана сүйретіліп кете беретін шанаға айналмаса екен деген сөзім бар. Мақалада өте дұрыс айтылғанындай ХХІ ғасыр ұлттық сананың кемелденуіне мол мүмкіндік туғызары сөзсіз. Аталған тақырыпты қаламгер ретінде әр уақытта қозғаймын. "Жазушы" баспасынан жарық көрген "Жанымның жасыл жапырақтары" деп аталатын жинағымдағы бір өлеңде:

Бәрін көрем жұмыр жерден, қиядан,
Жат пиғылды қалай ғана тия алам.
Ұлттық сана ұясынан бұзылса,
Ұлтым бар деп ұрандауға ұялам, - деп тебіренгенмін.

Меніңше жүрек түкпірінен туған жыр жолдары ешкімді бей-жай қалдырмаса керек.

Рухани байлықсыз адам баласы, кез келген мемлекет даму жолына түспейді. Бағытынан адасады, жолынан жаңылады. Негізгі байлықтың Назарбаев назарына ілігуі ұлтты жаңаша желпіндіріп, серпілдіріп отыр. Мақала мазмұнын, құнды идеясын қолдаймыз, қуаттаймыз. Рухани аштықтан сақ болайық. Ол әйгілі 1932 - 1933 жылдардан да аса қауіпті. Ішкі әлемі бай жандар көбейе түссінші. Ылайым солай болғай.

Нағашыбай МҰҚАТОВ,
Қазақстан Жазушылар одағының
мүшесі, ақын.
Қостанай қаласы.

«Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ағламалығы, Құрманғазының күйлері, асырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана. Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді.»



Нұрсұлтан Назарбаевтың

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласынан үзінді.

Ата-баба жолымен жүрсек адаспаймыз

Кезінде ақын, қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов "Біз шет елдің цивилизациясын аламыз деп канализациясына түсіп бара жатырмыз" деген болатын. Бүгінде шынымен сол қоқыстың ішіндеміз. Себебі, ата-баба дәстүрінен адасып, менталитетімізді жоғалтып, батыстың қаңсығын өзімізге таңсық еттік. Оның дәлелі, қарапайым көшеде жүргенде киімдері алба-жұлба болған ұл-қыздарды, қысқа етек, қысқа шаш, ақылы келте бойжеткендерді көреміз. Онымен қоса махаббаттың құнын білмейтін, осынау ұлы сезімді аяққа таптап жүрген ғашықсымақтар тағы бар.

Елбасымыз "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты мақаласында ұлттық кодымызды сақтап қалу жайлы ой қозғаған болатын. Демек, басты мақсат: салт-дәстүріміз бен ой-санамызды жаңғырту біздің мойнымызда. Еліміздің ертеңі өзіміз екенімізді біле тұра, құрғақ шөппен ауыз сүртіп, сөзіміз бен ісіміз келіспеуде.

Университетіміз жылдан-жылға өсіп, ілгері жылжып келеді. Бүгінде мектептен кейін тұрақтанған Ахаң атындағы қара шаңырақ, үшінші үйіміз еліміздегі жоғары оқу орындарымен бәсекеге қабілетті үздік он университеттің қатарында. Биылдың өзінде ақпараттық технологиялық факультетіне 60 млн теңгеге заманауи роботтар әкелінген. Қазірде оны меңгерген білімгерлеріміз бар. Олар бұл роботтарды меңгеріп қана қоймай, күнделікті оқу тәжірибесінде пайдаланып жатыр.

Роботтардың ішінде: сөйлейтін, пульт арқылы кез келген шағын заттарды, бұйымдарды алып келе алатын жүгірмек "танк қол" атты машинка,

арнайы материалдарға әр түрлі ою өрнек, суреттер салып, оны лазер сәулесі арқылы кесетін аппараттар мен 3D принтерлері бар. Өкінішке қарай, роботтардың жаңадан келуіне байланысты әлі толық бағдарланбаған.

Елбасы өз Жолдауында Қазақстанның үшінші жаңғыру кезеңін айта отырып, еліміздің революциялық даму деңгейінің төртінші деңгейіне көшуді айтқан болатын. Соның алғашқы қадамы жоғарыда айтылғандай, оқу орнымызда басталып кетті. Ендігі кезекте біздің басты мақсат жаңа заманның жаңа технологияларын толықтай үйреніп, олармен жұмыс істеп, қазақ тілінде сол робот құрылғыларды бағдарламалау.

Әке көріп оқ жонатын ер мінезді ұлдарымыз бен шеше көріп тон пішетін ибалы қара көз қарындастарымызды ата-баба дәстүріне қайтадан әкелетін уақыт та алыс емес. Біз тырбандаған бақа кейпінде болуды қоюымыз керек, сасық судан кейде бақаның өзі қашады. Өткенге орала алмасақ та, бүгінгімізді дұрыстауға шамамыз жетеді. Өйткені сол сасық суды құсатын кез келді, бүгін жасамасақ, келешекте оны мекеніміз етіп, бойымыз үйреніп кетуі әбден мүмкін. Одан құтылудың шарты, ұстазымыз Нағашыбай Мұқатов ағамыз айтқандай, бірінші - Алланың жолымен, екінші - ата-баба жолымен жүрсек, адаспаймыз.

**Оразхан ЗЕЙНОЛЛА,
ГӘФ журналистика мамандығының
3-курс студенті.**

Сананы серпілтетін сындарлы сөз



Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын зейін қойып, ыждағатпен оқып шыққан әр адамның санасында тың серпіліс пайда болып, көкірек көзі ашыла түсетіні сөзсіз. Мақала алыс болашаққа барлау жасай отырып, негізінен бүгінгі жас ұрпаққа арналған деп тұжырым жасауға болады. Айталық, бәсекеге қабілеттілік, ұлттық прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау ұғымдарын жаңғыртатын да, санаға сіңіріп, оны іс жүзінде жүзеге асыратын да жастар.

Рас, қазір біз меритократиялық қоғам құруға бет алыс жасап жатырмыз. Ол – жең ұшынан жалғасқан тамыр-таныстықты көтермейтін, әркімді іске қосқан үлесіне, кәсіби біліктілігіне қарай бағалайтын жүйе. Демек, енді ұлттық кодымызды толық деңгейде іске қосатын мезгіл келді деген сөз. Бұл орайда даңғаз, көпірме сөз емес, қарға адым болса да әрбір нақтылы атқарылған іс қымбат.

Бір мысал, әр қазақ қазір жақын-жұрағаттарына, немесе ресми органдарға жазатын хат-хабарының конвертін, теллеграммасын өз ана тілінде, былайша

алғанда мемлекеттік тілде толтырса, ондаған қазақ баласына жұмыс тауып береді. Екінші жағынан өзге ұлт өкілін қазақ тілін үйренуге мәжбүрлейді. Өйткені хаттар мен телеграммаларды сұрттау барысында оператор қайткен күнде де оның адресстерін оқуға тиіс. Осы жерде тілді білудің шешуші рөлі бар.

Қазақта: «от басы – ошақ қасы» деген сөз тіркесі қалыптасқан. Бұл – бүкіл тәлім-тәрбие, әлемді танып-білудің бастау мектебі. Өкінішке қарай, осыны кейбір жас ата-аналар ескере бермейді. Олардың ұғымынша баланы балабақша мен мектеп тәрбиелеп беруге міндетті сияқты. Әрине, балабақша мен мектеп баланың сауатын ашып, білім-ғылым нәрімен сусындатып, көкірек көзіне сәуле құюға тиіс. Солай бола тұрғанмен отбасылық тәрбиенің әсері бәрінен де салмақты және жоғары. Қазақ балабақшасы мен қазақ мектебіне баратын баламен үйде орысша, ағылшынша сөйлесіп отыратын ата-анадан не үміт, не қайыр?! Оны айтасыз-ау, кейбір үлкен әжелер мен аталар да немерелерімен басқа тілде ұғынысып жатады. Ең қауіпті нәрсе осы, баланың жан-дүниесінде ұлттық рух, ұлттық сезім, ұлттық руханият мұндай жағдайда қалай қалыптаспақ? Сондықтан Елбасы мақаласы жастарымыздың ұлттық намысына шоқ салады, жігерін қайрайды, патриоттық сезімін оятады, болашақ алып істерді жүзеге асыру жолындағы мақсаткерлігін шыңдайды деп ойлаймын.

Серік ШАЙМАН,
ҚМУ-нің журналистика және коммуникациялық
менеджмент кафедрасының аға оқытушысы.



«Серпін-2050: жастар – индустрияға!»

Өр рухы еш уақытта өлмейтін,
Мәңгі жасап белестерге өрлейтін.
Алға қойған мақсатыма жетем деп,
Еш тоқтатпай қанаттарын сермейтін.

Қай додада ешкімге дес бермейтін,
Мен жеңдім деп көкірегін кермейтін.
Қазағымды мақтан етем әрқашан,
Жамандардың жетегіне ермейтін.

Алтай мен Атыраудың арасында,
Каспий мен Арал теңіз жағасында.
Бұл қазағым - жер шарында жалғыз ел,
Қанағат қылып жүретін қара суға.

Қазақтың ақ көңіл, кең пейіл, ақ жарқын халық екенін осы бір өлең жолдарынан байқауға болады. Осыдан келіп «Мәңгілік ел» идеясы туындайды.

2014 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметі жастар мәселесіне арнап жаңа бағдарлама қабылдаған болатын. Ол бағдарлама – «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» деп аталады. Бұл бағдарламаның басты мақсаттарының бірі – ел жастарына барынша қолдау көрсету. Қазіргі кезде Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облысында бүгінгі күні бала туу деңгейі өте жоғары, көшіп келушілерде көп. Мұның барлығы жұмыссыздық мәселесін тудырады. Әлеуметтік нысандар: үй, мектеп, балабақша жетіспейді. Қанша адам оқу бітірсе де жұмыссыз жүр. Мектеп бітіргендер колледждерге оқуға түсе алмайды, себебі үміткерлердің саны көп болған соң, орын жетіспейді. Бұл – нарық экономикасының заңдылығы. Оқуды бұрын бітіргендер жұмыссыз жүрген соң Үкімет тарапынан грант та аз бөлінеді. Алайда, еліміздің кейбір өңірлерінде кадр тапшылығы өте өзекті болып отыр. Бүгінгі таңда мұндай мәселе 7-8 облыста туындауда. Басты себебі – бала туу деңгейінің төмендігі және сыртқа көшіп кету миграциясы.

«Серпін-2050» бағдарламасы бойынша грант иегерлері стипендиямен, жол ақысы, жатақханамен, киіммен және жұмыс орнымен қамтамасыз етіледі. Жастардың техникалық-кәсіптік мамандық алуына көмектесу, оларды жоғары жалақылы жұмыспен қамтамасыз ету, жастарды адал еңбекке ынталандырудың жолын табу – Қазақстандағы әлеуметтік жаңғыртудың аса маңызды мәселелерінің

бірі деп ойлаймын. Сондықтан, "Мәңгілік ел жастары-индустрияға" мемлекеттік бағдарламасы қазақстандық жастардың, оның ішінде оңтүстік аймақ жастарын кең көлемде техникалық-кәсіптік білім алуға және тұғыры биік тәуелсіз Отанымыздың аса маңызды индустрияландыру бағдарламасына қатыстыру мен тартуды мақсат етеді, жастарымызды дербес өмірге, бастамашыл еңбекке бейімдеудің алғашқы қадамдарының бірі болып табылады. Бұл бағдарламаның тағы да бір маңыздылығы – мемлекеттік тілге көңіл бөлу. Қазақ тілі бүгінде ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Қазақ тілінде білім алатындардың саны күн өткен сайын көбейіп келеді. «Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік ел болады. Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн» - деп Елбасымыз Н.Назарбаев айтқандай, осы бағдарлама көлемінде білім алатын жастарымыз өздері білім алатын өңірлерде достық пен бейбітшілікті ту етіп, тілімізді өркендетуге үлестерін қосып келеді. "Мәңгілік ел-индустрияға" бағдарламасының басты 7 тұғыры бар. Олар: қонақжайлық және еңбексүйгіштік, тұрақтылық, қауіпсіздік және бірлік, достық, ертеңге деген сенім. Біздің отанымыз бір, ол - Тәуелсіз Қазақстан, біздің еліміз бір, тағдырымыз ортақ. Ендеше, еліміздің қай түкпірінде білім алып, қай саласын көтерсе де, ол - ел болашағы үшін маңызды үлес болмақ.

Енді осы «Серпін - 2050» әлеуметтік бағдарламасын жүзеге асырып, бастама жүргізіп, жетекшілік етуші Мұрат Әбенев екендігін айтқым келеді. Ол бұл бағдарлама арқылы жастарға барлық жағдай жасалатынын алға тартты және ол уәде орындалып та жатыр. Ал жастар, мемлекеттің индустриялық және инновациялық күш-қуатын дамытып, табиғи ресурстар мен қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарап, қоғамда білім мен ғылымды дамытулары керек, осы жолда бар күш жігерлері мен білімдерін салуы қажет. Мақаланың түйінін Елбасымыздың сөзімен аяқтағым келеді: «Мәңгілік ел - бұл ертеңгі күнге есік ашатын, болашаққа сенімді арттыратын идея, бұл – кері қайтпайтын және берік тұрақтылықтың символы».

**Ерсін ДҮЙСЕНОВ,
РИИ-дың оқытушысы.
Рудный қаласы.**

САРАБДАЛ ҒАЛЫМ

*ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИТІ,
ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ,
ПРОФЕССОР*

*САТЫБАЛДЫҚ САТЫБАЛДЫҰЛЫ
САТЫБАЛДИН 80 ЖАСҒА*

Сағындық Сатыбалдыұлы Сатыбалдин 1937 жылы 5 мамырда Қостанай облысының Семиозер (қазіргі Әулікөл) ауданындағы Жангелдин атындағы ұжымшарда (бұрыңғы Баймағамбетов атындағы кеңшар) дүниеге келген.

1952 жылы Калинин атындағы жеті жылдық мектепті, 1955 жылы Әулікөлдегі Ш.Уәлиханов атындағы орта мектепті тәмамдаған.

1960 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетінің экономика факультетін «Бухгалтерлік есеп және шаруашылық қызметін талдау» мамандығы бойынша ойдағыдай бітіріп шығады. С. Сатыбалдин студент кезінен бастап-ақ экономика ғылымдарының теориясы мен практикасын меңгеруге ұмтылды, «өте жақсы» үлгерім көрсетті, факультет пен университеттегі студенттердің ғылыми бірлестігіне белсенді қатысып отырды, бірнеше рет қалалық, облыстық, республикалық студенттер конференциясының жеңімпазы атанды.


С. Сатыбалдин таланты бұл кезде оқуда, қоғамдық өмірде ғана емес, спортта да көрінді. Ол – КСРО спорт шебері, Қазақстан чемпионы және жүлдегері, Бүкілодақтық студенттік ойындар жүлдегері әрі спорт жөнінде 1-санаттағы төреші.

Жас мамандарды бөлу жөніндегі Мемлекеттік комиссия, үздік оқуын, ғылыми-зерттеу жұмысына бейімділігі мен қоғамдық өмірге белсене қатысқанын ескеріп, оны ҚазМУ экономика факультетінің халық шаруашылығын жоспарлау және есеп кафедрасының оқытушысы қызметіне ұсынды, сосын осы кафедраның аға оқытушысы болып тағайындалды.

1961 жылдан 1963 жылға дейін ол бірмезгілде С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетінің комсомол комитетінің бірінші хатшысы қызметінде істеді.

Университет студенттері мен комсомол жастары осы шаралардың бәрінде айрықша көзге түседі. 1962 жылы ҚазМУ-дің астық жинаушы студенттер отряды КСРО-дағы жоғары оқу орындарының 63 отряды арасында бірінші орынды иемденіп, Қазақстан Компартиясы Тың игеру крайкомының ауыспалы Қызыл Туымен марапатталды, ал оның басшысы ретінде С.Сатыбалдин КСРО Лениншіл Жастар Одағы Орталық Комитетінің «Комсомолдағы белсенді жұмысы үшін» төсбелгісімен марапатталды.

1962 жылы Қазақ Мемлекеттік Университетінің экономика факультетінің негізінде Алматы халық шаруашылығы институты отау тігуіне орай С. Сатыбалдин жаңадан ұйымдасып жатқан институттың есеп-экономика факультеті деканының орынбасары қызметіне әрі осы саладағы қазақстандық тұңғыш профессор М.Е. Бутин басқаратын бухгалтерлік есеп



және шаруашылық қызметін талдау кафедрасының аға оқытушылығына ауыстырылады. Бұл ғалым С. Сатыбалдинге және сол тұстағы көптеген жастардың ғылым жолын ашқан, Мәскеу және өзге де орталық жоғарғы оқу орындар жанындағы аспирантураларға жолдама берген. 1966 жылы С. Сатыбалдин М.В. Ломоносов атындағы МГУ-дің экономика ғылымдарының докторы, профессор, КСРО-ның ғылым мен техника саласының еңбек сіңірген қайраткері С.К. Татур басқаратын «Бухгалтерлік есеп және социалистік өнеркәсіптегі шаруашылық қызметіне талдау» кафедрасының аспиранты болды. 1967 жылы ол осы университетте диссертациясын қорғап, экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды.

Қазақстан наубайхана өнеркәсібі кәсіпорындарының мысалында жас ғалым «Бухгалтерлік есеп және социалистік өнеркәсіптегі шаруашылық қызметіне талдау» тақырыбын зерттеді. Сол жылы ол Алматы халық шаруашылығы институтының доценті атанды.

1975-1976 жылдары С.С. Сатыбалдин жолдас АҚШ-тың алуан-алуан университеттері мен ғылыми орталықтарында тәжірибе жинақтау мерзімінен өтті. С. Сатыбалдин Америкадан үш дипломмен оралды: Вашингтон қаласындағы Америка университетінің ағылшын институты толық тіл курсының жазғы бағдарламасын һәм Урбане-Шампень қаласындағы Иллинойс университеті ағылшын тілі кафедрасының күзгі бағдарламасын ойдағыдай бітіргені туралы және Урбане-Шампень қаласындағы Иллинойс университеті әкімшілігі колледжі мен бизнесінің есеп жөніндегі халықаралық орталығының мамандық пен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жетілдіруді көздеген толық бағдарламасын тамамдағаны жайлы. 1976 ж. С. Сатыбалдин АҚШ Иллинойс университетінде ғылыми «Советтік өнеркәсіп орындарының табысын талдау» атты мақала жариялаған тұңғыш қазақ ғалымы болды. Бұл мақала сол елдің ғалымдарына, өнеркәсіп

өкілдеріне жақсы әсер етті, сондықтан университет деканы авторды шақырып алып осы еңбекті 150 да-намен кітапша етіп шығаруға рұқсат сұрады.

1979-1980 жж. М.В. Ломоносов атындағы ММУ экономика факультетінің бухгалтерлік есеп және шаруашылық қызметін талдау кафедрасының докторанты.

1981 жылы ол М.В. Ломоносов атындағы ММУ экономика факультетінің мамандандырылған ғылыми кеңесінде «КСРО мен АҚШ өнеркәсіп өнімдері өндірісінде жұмсалатын шығындар есебі» тақырыбында (салыстырмалы зерттеу) мерзімінен бұрын диссертация қорғады.

Диссертациялық жұмысында автор басқару есебінің американдық жүйесін, есептеу әдістерін, өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау, олардың өзіндік ерекшеліктерін, жетістіктері мен кемшіліктерін КСРО-ның бухгалтерлік есеп жүргізу мекемелерімен байланыста зерттеді. 1981 жылы оған экономика ғылымының докторы ғылыми дәрежесі берілді. Жас ғылым докторының, ағылшын тілін, компьютерлік технологияны еркін меңгерген әрі теориялық білімі зор зерттеушінің алдынан ақ жол ашылды.

С. Сатыбалдинге 1981 жылы экономикалық талдау кафедрасы бойынша профессор ғылыми атағы берілді.

Халық Шаруашылық Институтта ол доцент, профессор, экономикалық талдау кафедрасының меңгерушісі және факультет деканы болып 1983 жылға дейін жұмыс жасады. Білім ордаларында еңбек еткен кездерінде С. Сатыбалдин өзін оқу ісінің ірі ұйымдастырушысы және жоғары білікті педагог ретінде көрсетті. Ол оқыған дәрістер мен семинар сабақтары қызықты өтетін. Ол теорияны өндіріс практикасымен ұтымды ұштастырады, сабақты биік деңгейде жүргізеді, өзінің ғылыми мамандығы мен педагогикалық шеберлігін жетілдіріп отырады, нарықтық экономика теориясы мен практикасын бес саусағындай біледі, мәдени ой өрісі кең, үлкен әдістемеші. Оның қаламынан «Шаруашылық қызметін талдау» курсы бойынша бірқатар оқулықтар мен оқу-әдістемелік көмекші құралдар дүниеге келді. Атап айтқанда, «Анализ хозяйственной деятельности предприятий и объединений» (А., 1987, 16 п.л.), «Анализ хозяйственной деятельности строительных организаций» (М., 1981, 13,3 п.л.), «Учет затрат на производство в США» (М., 1980, 8п.л.), «Система машинного учета и экономического анализа» (А., 1972), «Сборник задач по анализу хозяйственной деятельности промышленных предприятий» (А., 1971), «Бухгалтерский учет и анализ хозяйственной деятельности хлебопекарных предприятий» (А., 1973). т.б. С.Сатыбалдин «Альбом наглядных пособий по курсу анализа хозяйственной деятельности» еңбегін жариялады. Бұл еңбек Қазақстанның өнеркәсіптері мен мекемелеріндегі есеп пен шаруашылық қызметін талдау саласының жетілдірілуіне үлкен үлес қосты. Ғалымның жетекшілігімен шаруашылық келісім мен мемлекеттік бюджеттік жасалымдар өндіріске ендірілді.

Республикада 080012 – «Бухгалтерлік есеп және шаруашылық қызметіне талдау», 080013 – «Экономикада математикалық әдістерді пайдалану» мамандықтары бойынша кандидаттық диссертация қорғайтын тұңғыш диссертациялық кеңес

ашты. Жоғары білікті мамандар даярлаудағы биік көкрсеткіштері мен ел арасында экономикалық білімді таратқаны үшін ғалым ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Грамотасын, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Социалистік жарыстың жеңімпазы» белгісімен, КСРО Білім беру министрлігінің «Еңбектегі озық жетістіктері үшін» төсбелгісімен марапатталды.

1983 жылдан бастап С.Сатыбалдин жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтарында сынақ мерзімінен өткен бухгалтерлік есеп саласының ірі маманы ретінде Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының жүйесінде өндіргіш күштерді зерттеу жөніндегі Кеңес төрағасының бірінші орынбасары болып жұмыс жасауға шақырылады. Мұнда ол өзін талантты ғалым зерттеуші және басшы, ғылыми-зерттеу ісімен шұғылданатын ұжымды білгір ұйымдастырушы ретінде көрсетті. Өндіргіш күштерді зерттеу Кеңесінде С. Сатыбалдин жұмыс жасаған кезде оның басшылығымен әрі тікелей қатысуымен Қазақстан өндіргіш күштерін дамыту мен орналастырудың неғұрлым өзекті мәселелері түйінін тапты. Анағұрлым маңызды зерттеулері монография түрінде жарық көрді. Олардың ішінде: «Қазақстанның аумақтық-өндірістік кешендері», «Қаратау – Жамбыл ТПК: өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым», Алматы, «Ғылым», 1985 жыл, 8,7 авт. баспа табақ; «Сібір өзендері суларының бір бөлігін Қазақстан мен Орта Азияға бұрып әкелу проблемалары. Қазақстан аумағы бұрып әкелу аймағында: экономиканы дамыту деңгейі мен проблемалары», Алматы: «Ғылым», 1985 жыл, 16 авт. баспа табақ; «Қызылорда облысы өндіргіш күштерін дамыту проблемаларының келешегі», Алматы: «Ғылым», 1985 жыл, 1 және 2 - бөлім. 20 баспа табақ, тағы басқалар бар.

1984 жылы Қазақстан Ғылым академиясы қоғамдық ғылымдар институттарының арасындағы социалистік жарыс қорытындысы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудағы және зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізудегі жоғары жетістіктері үшін өндіргіш күштерін зерттеу Кеңесінің ұжымы бірінші орынға ие болды. Ол Қазақстан Ғылым академиясы Төралқасы мен ғылыми мекемелер қызметкерлері кәсіподағының Құрмет грамотасымен және ақшалай сыйлығымен марапатталды.

1984-1985 жылдары КСРО үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасының үкіметі арасындағы экономиканы басқару саласында басшы кадрлар мен мамандар даярлау және мамандығын жетілдіру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес С.Сатыбалдин жоғары білікті маман ретінде 1984 жылдың қазан-қараша айларында және 1985 жылы ВКП Орталық Комитеті мен Вьетнам Социалистік Республикасы үкіметінің жанындағы халық шаруашылығын басқару жоғары мектебінде сабақ берді. Оның дәрістері кітап болып жинақталып вьетнам тілінде жарық көрді. Қазақстандық ғалымға Вьетнам Министрлер кеңесінің төрағасы Фан Ван Донг жоғары баға беріп құрмет грамотасымен марапаттады.

1985 жылы КСРО Обком комсомолы мен КСРО Министрлер кеңесінің Қазақстанның педагогикалық жоғары оқу орнының жетекші кадрларын бекіту туралы Қаулысына сәйкес 11 жас докторлар республиканың оқу орындарына жіберілді. Осы СОКП Орталық Комитетінің мектеп реформасы туралы шешімін



өмірге асыру үшін Қазақстан КП Орталық Комитеті оны 1985 жылы А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтына ректор етіп тағайындады. Орал облысының оқу-ағарту жүйесін қайта жаңғыртуды өмірге асыру жөнінде аудандық, қалалық және облыстық оқу бөлімдеріне ғылыми негізделген

қолдау көрсете отырып, С.Сатыбалдин ректор ретінде мектептерде оқу-әдістемелік және тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастырудың жаңа әдістерін енгізді. Соның нәтижесінде мынадай жаңа курстар енгізілді: «Введение в учительскую специальность», «Методика воспитательной работы», «Основы педагогического мастерства», «Учебно-воспитательная работа в ПТУ», «Экономика народного образования». Пәндерді оқытудың әдістемесіне қатысты курстарға ерекше мән берілді. Факультеттер мен кафедраларды басқарудың жаңа жүйесі Ғылыми Кеңесте арнайы енгізілді. Онда қалыптасқан жағдай кафедра жұмысы туралы КСРО-ның Жоғары білім министрлігі бекіткен Ережелерге сәйкес келмейтін еді, сондықтан мұғалімдер даярлау ісі ақсап жатты.

Институттың басқа елдермен байланысы нығайды. 20-дан астам педагогикалық және ғылыми-зерттеу институттарымен бірлесіп жүргізілетін жұмыстар жөнінде келісім-шарттар жасалды, ол өз кезегінде студенттердің ғылыми жұмысының деңгейінің өсуіне ықпал етті.

Институт басшысы студенттердің қоғамдық белсегіне ерекше қолдау көрсетті. Сондай көмектің арқасында «Ақ Жайық» студенттік ансамблі Халық шығармашылығының II Бүкілодақтық фестивалінде (Мәскеу) лауреат атанды.

1987 жылы Құрмет Белгісі ордені Орал пединституты педагогикалық кадрлар даярлауда жоғары нәтижелерге жеткені үшін социалистік жарыс қорытындысы бойынша Республика педагогикалық жоғары оқу орындары арасында екінші орын алып, Қазақ КСР Оқу министрлігі мен халық ағарту және ғылыми мекемелер қызметкерлері кәсіподағы Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туымен, 2 дәрежелі дипломмен марапатталды.

1989 жылдан 1993 жылға дейін ол Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы жүйесінде, Экономика институты директорының орынбасары, қоғамдық ғылымдар жөніндегі вице-президент орынбасары және жоғары білікті кадрлар даярлау орталығының директоры болып істеді.

С. Сатыбалдиннің басшылығымен әрі тікелей қатысуымен «Алматы мен Алматы облысының нарық экономикасына көшу бағдарламасы» және «Нарық қатынастарына көшу жағдайында Торғай облысының әлеуметтік – экономикалық даму келешегі» дайындалды.

Соңғы жылдары оның басшылығымен, Жапония, Оңтүстік Корея, Қытай, Тайвань, Қазақстан мен Қырғызстан ғалымдарын қатыстыра отырып, Сасакава Халықаралық қоры қаржыландыратын «Шығыс Азия тәжірибесіне сүйеніп, Кіндік Азияда нарық экономикасын енгізу» халықаралық тақырыбы жүргізілді.

Бірқатар жарияланған еңбектері жоғары оқу органдарында, техникумдар мен мамандық жетілдіру курстарында экономикалық кадрлар даярлау үшін оқулық, оқу-әдістемелік құрал ретінде пайдаланылады.

Ол Қазақстан мен ТМД елдерінің әр түрлі мамандандырылған Кеңестерінде докторлық және кандидаттық диссертациялардың ресми оппоненті болып сөз сөйлейді.

Оның талай шәкірттері біздің республикада да, одан тыс жерлерде де әртүрлі басқару деңгейіндегі қызмет орындарында еңбек етуде.

Экономика ғылымын дамытуға қосқан қомақты үлесі үшін С. Сатыбалдин 1995 жылы Республика бухгалтерлері мен аудиторлары арасындағы экономика мамандығы бойынша ҚР Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды.

С. Сатыбалдиннің ғылыми-ұйымдастырушылық қызметі нәтижелерін ғылыми жұртшылық кеңінен мойындаған, ол 1966 жылы халықаралық ақпараттандыру академиясының толық мүшесі және сол жылы қазақстандық әлеуметтік ғылымдар академиясының толық мүшесі болып сайланды. Ол – Қазақстан Республикасы бухгалтерлері мен аудиторлары ассоциациясының тұңғыш президенті.

Академик С.Сатыбалдин – Қырғыз Республикасының Ұлттық Ғылыми академиясының Экономика зерттеу институтының және Халықаралық «Қазақстан Тұтынушылар Одағы» Қарағанды экономика Университетінің докторлық диссертацияларды қорғау ғылыми кеңесінің мүшесі болды.

Жақын уақыттарда ғалым жаңа буын оқулықтарының сериясын, қазіргі экономиканың өзекті мәселелеріне арналған монографиялар шығаруды жоспарлап отыр. Бүгүнгі таңда ол Қазақстанның халықаралық қауымдастықта бәсекеге қабілетті елдер қатарына ену, Мәңгілік ел Стратегиясының және «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» ҚР Президенті Н.А. Назарбаевтың жолдауы бойынша жаңа ережелерін насихаттаушы әрі көпшілікке таратушы ретінде мол еңбек етіп жүр.

С.Сатыбалдин өзінің шығармашылық қызметінің әрбір кезінде алдына жоғарғы мақсаттар қояды, ең бастысы, олардың жүзеге асуына қол жеткізеді.

Академик әлемдік қауымдастықтар мен ұйымдар қаржыландыратын және кедей және дамушы елдерге техникалық көмек көрсетуге байланысты халықаралық білім беру бағдарламаларының дамуына үлкен еңбек сіңірді.

Өзінің 80 жылдық мерейтойын қазақстандық ғалым шығармашылық күш қуаты толысқан және өмірлік жоспарлары мол қалпында қарсы алып отыр.

Аудармашы - өзекті және қажетті мамандық



Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті шет тілдері филологиясының оқытушысы Манаспаева Нағима Шотбаевна өзінің ғылыми және оқытушылық өмірі туралы баяндап берді. Біраз шет елдерде болып, тәжірибе жинақтаған оқытушымен әңгімелесу үшін біз арнайы оның кабинетінде кездестік.

-Нағима Шотбаевна, осы кәсібіңізге сізді не жетеледі, аталған кәсіпке деген гуманистік мақсатты кездедіңіз бе?

- Иә, бұл мамандықты мен саналы түрде таңдадым. Мен 9-сыныпта оқып жүргенімде, 10-11 сыныптың түлектері оқу орындарында түрлі мамандықтарды таңдайтын, яғни, шаштараз, жүргізуші, хатшы және т.б. жұмысшы мамандықтары болатын. Солардың ішінде аудармашы деп аталатын қызықты мамандық болды. Мен осы мамандықты бірден таңдап. Мектепті аяқтаған соң мен ҚМУ-дың филология мамандығына оқуға түсіп, 4 жыл бойы, күннен күнге осы мамандықты одан сайын жақсы көре бердім. 1-курста оқып жүргенімде оқытушы Менгелева Наталья Викторовна сабақ беретін тіл біліміне кіріспе курсына барғаннан кейін, университетте қалып, магистратураны аяқтап, ғылыммен айналысуға бел буу керек деген ой келді.

2011-2013 жылдар аралығында магистратурада оқып, магистерлік диссертацияны табысты қорғадым. Одан кейін кафедра меңгерушісі Сауле Сағынтаевна кафедрада жұмыс істеуді ұсынды.

-2015 жылы Швецияға тәжірибе алу үшін барып келдіңіз. Сол мемлекетте жүріп көрген-білгеніңізді ортаға салсаңыз... Қазақстанға оралған соң

әріптестеріңізбен тәжірибе бөлісе алдыңыз ба?

-2015 жылы Швецияға жұмыс тобы құрамында ҰМЖЖ бағдарламасы шеңберінде аттандық. Бұл ветеринария, яғни, азық қауіпсіздігі бағыты болды, менің мамандығыма қатысы жоқ, бірақ өте қызықты болды. Сол кезде мен мәдениетаралық коммуникациялар курсынан сабақ беретінмін. Сондықтан Швеция мәдениеті маған қызықты болды. Біздің бағдарламамыздың негізгі міндеті

европалық мәдениеттің азиялық мәдениеттен айырмашылығы қандай екенін танып білуден тұрды. Сонымен қатар шетелдік білім беру үдерісімен танысып, студенттерге қаншалықты мүмкіндіктер берілетініне көзіміз жетті.

-Осы мамандықта оқығысы келетін түлектерге айтар ақыл-кеңесіңіз болса, мархабат. Қазіргі уақытта аудармашы мамандығы сұранысқа ие ме?

-Қазіргі тілдік саясатты ескере отырып, әрине, шет тілдерін меңгеру өте маңызды деуге болады. Кейбір студенттер оқуын аяқтаған соң қандай жұмысқа орналаса алады екенмін деп ойланады. Шынына келгенде, Қостанайда мүмкіндік көп. Оқытушылық қызметімен қатар, мені бір-екі жеке компаниялар ауызша аударма жасау үшін жиі жұмысқа шақырады. Соңғы жылдары біздің елімізге көптеген шетелдіктер сапармен келеді, солардың арасында бізден гуманитарлық көмекті сатып алғысы келетін БҰҰ өкілдеріне шейін кездеседі. Соны ескере отырып, болашақ аудармашылар үшін жұмыстың жеткілікті екенін көруге болады. Биылғы мектеп түлектеріне тілейтінім, жақсылап дайындалыңыздар, ағылшын тілін меңгеріңіздер, ауызекі тілде сөйлеу мәдениетін дамыта біліңіздер. Еңбекқор болыңыздар. Өйткені тілді меңгеру көп күш пен жігерді талап етеді.

Аман КӘРІМ,
ГӘФ журналистика мамандығының
1-курс студенті.

Қостанайдан жүз ерікті «ЭКСПО» көрмесіне аттанды

Биылғы жылдың басты әрі маңызды оқиғаларының бірі Астанадағы «ЭКСПО-2017 көрмесінің» ашылуы дер едік. Мемлекеттің басты назарында болатын іс-шараға дайындық жұмыстары мамыр айының соңында қорытындыланып, жақсы нәтижесін көрсетуде. Көрменің жоғары деңгейінде өтуін қадағалап, қонақтарға бағыт-бағдар беретін еріктілер тобы әлде қашан жасақталған. Қазақстанның түрлі аймақтарынан жиналған еріктілер арнайы курстардан өтіп, тәжірибе жинақтады. Дайындық курстары мен тәжірибе жинақтау жұмыстары біздің Қостанай қаласында да ұйымдастырылды. Арнайы курстардан білімін жетілдірген 100 ерікті көрмеге аттанды. Солардың арасында Қостанай мемлекеттік университеті аграрлық-биологиялық факультетінің 3-курс студенті Аманжол Ботагөз де бар. Университетіміздің студентімен айтулы іс-шараға аттанар алдында сұхбаттасудың сәті түсті.

-Ботагөз, халықаралық көрмеге ерікті ретінде қатысу екінің біріне бұйыра бермесі анық. Таңдаулылардың қатарына қабылдану үшін қандай сынақтардан өттіңіз?

-Былырғы жылдың басында студенттер арасында сауалнама жүргізілген болатын. Бұл сауалнама тұлғаның бойындағы қабілеттілік пен іскерлікті байқауға арналып жасалған және шет тілдерін білу мен адамдармен тез тіл табысу машықтығы ескерілген. Сауалнама қорытындысы бойынша, қабылданғандарды күзде «Балалар мен жасөспірімдерді қолдау қауымдастығының» ұйымдастыруымен әңгімелесу жиынына шақырды. Бұл жиынға 120 ерікті жиналған болатын. Жиында ерікті деген кім және біз «ЭКСПО» көрмесіне не үшін барамыз, көрменің сәтті өтуіне өз үлесімізді қалай қосамыз деген сияқты сауалдар талқыланды. Содан кейін екі ай көлемінде оқыту курстарына бардым. Оқу барысында алғашқы медициналық көмек, төтенше жағдай кезінде өз-өзін ұстау, Қазақстан тарихы бойынша білімін жаңарту, соның ішінде «ЭКСПО» көрмесінің тарихын білу және ең бастысы, ағылшын және басқа тілдерді меңгеру сияқты жұмыстар атқарылды.

-Ерікті деген кім? Халықаралық деңгейдегі маңызды іс-шарада еріктілер қандай қызмет атқарады?

-Ең біріншіден, ерікті (волонтер) дегеніміз – бұл басқа адамдардың игілігі үшін саналы, ерікті және ақысыз қызмет жасайтындар айтады. Астанада өтетін «ЭКСПО-2017» көрмесінде еріктілер 14 бағыт бойынша жұмыс істейді. Оның ішіне билеттендіру, аккредитация, медиа-центрда жұмыс істеу, мәдени іс-шараларды ұйымдастыру және тағы басқа бағыттар кіреді. Университет қабырғасында жүріп дебат



клубының мүшесі болғандықтан мен үшін мәдени іс-шараларды ұйымдастыру бағыты жақынырақ болды. Әрине, бұл бағытта өз қабілетімді шыңдау мақсатында мамандардан көп тәжірибе жинақтадым.

Аталмыш іс-шараның өз деңгейінде өтуінде еріктілердің маңызы зор. Себебі біз, еріктілер, өз Отанымыз Қазақстанды әлем халықтарының алдында көрсететін боламыз. Біз Қазақстанды бай-қуатты және өз мүмкіндіктерін толықтай жүзеге асыра алатындығын, бәсеке қабілетін айқындағымыз келеді.

-Көрме барысындағы еріктінің міндеттеріне тоқталсаңыз...

-Маусым айының онынан қыркүйектің онына дейін өтетін «ЭКСПО-2017» көрмесінде еріктілер үш ауысымда жұмыс істейді, яғни күндізгі, кешкі және түнгі. Біз Қостанайдан барған еріктілер бір ай уақыт Астанада боламыз. Еріктілерді орналастыру және тамақтандыру, қамсыздандыру тегін. Соған орай біз әр аймақтан келген қонақтарды жылы қарсы алып, қазақ халқының қонақжайлылығын көрсетуге тырысамыз. Ең басты талаптарға - өз жұмысын тиянақты білу, кешікпеу, әрдайым қандай да жұмыс болмасын білек сыбанып кірісу жатады.

-Ботагөз, әңгімеңізге көп рахмет. Сізге жүктелген міндетті жауапкершілікпен атқаруыңызға тілектеспіз.

**Сұқбаттасқан Әйгерім ШАЯХМЕТОВА,
ГӨФ журналистика мамандығының
студенті.**

Халықаралық көрме ел абыройын арттырды



Тәуелсіз Қазақстан күн санап дамып келеді. Ал, осы дамуымыздың үздік үлгісі – «ЭКСПО» көрмесі. Ойымды дәлелдеп көрейін. Әуелі, «ЭКСПО» ұғымына тоқталайық. Бұл – бүкіләлемдік көрме, масштабты жоба.

Біріншіден, «Экспо-2017» көрмесін өткізу үшін үміткер екі қала, елордамыз Астана мен Бельгияның Льеж қаласы болғанын еске сала кетейін. Әрине, өз даму жолы бар қаланың басып озатыны айдан анық. Жеңіске жетуімізге кепіл болған «Болашақтың энергиясы» деп аталатын өзекті тақырып еді. Жеңуін жеңдік әрине, енді қалғаны абыроймен өткізу.

Екіншіден, ауқымды шара болғандықтан жүктейтін міндеті де оңай емес. Қандай міндет десеңіз, елімізге дауыс берген елдердің үмітін ақтап, халықаралық көрмені деңгейіне сай ұйымдастыру.

Үшіншіден, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, ел болып дайындалып, берілген мүмкіндікті ұтымды әрі ұтқыр пайдалануға ұмтылу керек.

«ЭКСПО» көрмесі – дамудың үздік үлгісі екенінің тағы бір дәлелі, көптеген елдерден келетін жаңа технологиялар көрмеге қойылады. Бұл арқылы, әлемнің озық елдері қалай дамып бара жатқанына тағы бір мәрте көз жеткізіп, өзіміз де ары қарай дамуға бет бұрамыз деген ойдымын. Айта кететіні, ЭКСПО көрмесіне келген меймандарға жол бастау, аудармашы болу сияқты міндеттер жастар үшін пайдалы. Шет тілін үйреніп жүрген жастарға үлкен тәжірибе болары сөзсіз.

«ЭКСПО-2017» көрмесі ойдағыдай өтіп, еңбек ақталса, тәуелсіздік тұғырында қол жеткізген жетістік дер едім.

Гүлмайдан ҚАТАЙ,
ЕҰУ журналистика және саясаттану факультетінің студенті.

Тың бастама, жаңа леп

Жастардың қоғам өміріне жан-жақты араласуын қамтамасыз ету және оларды бос уақыттарында мәдени шараларға көбірек тарту мақсатында Қостанайда жастар мәслихаты жұмыс істейді. Бұл ұйымға қаламыздағы ең үздік студенттер ғана депутат болып іріктеледі. Белсенді жастардың күнделікті жұмысымен, атқаратын қызметімен танысу үшін жастар мәслихатының депутаты, «Грин» Қостанай облысының азаматтық альянсы» ҚҚ хатшысы Ербол Тәжібаевпен сұқбаттастық.

-Жастар мәслихатының депутаттары дегеніміз кімдер?

-Жастар мәслихатының депутаттары дегеніміз – күн сайын қоғамдағы жастардың қордаланған мәселесін шешетін белсенді жастар. Олар жастардың бастамаларын қолдау мақсатында белсенді азаматтарды қоғамдық өмірге тартады. Жастар мәслихаты осы бағытта жеті жылдан бері жұмыс істейді.

Жастар мәслихатының депутаты басқа замандастарына үлгі болатын азамат болуы керек. Өзінің беделіне нұқсан келтіретін жағдаяттардан өзін алшақ ұстауы маңызды. Жастар мәслихатының депутаттары үшін оқу-білімге құштарлық және сауаттылық қасиеттер өте маңызды екенін еске саламын. Бұл ұйымның кез-келген депутаты өзінің жауапкершілігін толық сезінуі маңызды. Көшбасшылық, байланысқа бейімділік, табандылық сияқты қасиеттердің болғаны да жақсы.

Жастар мәслихатының депутаттары қай уақытта болмасын оқиғалардың ортасында жүреді. Соның арқасында жастар жан-жақты, әр нәрседен хабардар болып жетіледі. Бұл ұйымның жастарын мемлекет әр уақытта қолдайды, алға қадам жасауына мүмкіндік беріп отырады.

-Ұйымның жастары қандай жұмыстар атқарады?

-Біз көп жағдайда жаңа құрам анықталатын көшбасшылық конференциялар, акциялар ұйымдастырамыз, халықтың әлеуметтік осал топтарына көмектесу, яғни мүмкіндігі шектеулі жандарға, аз қамтылған отбасыларды қолдауға, сонымен қоса апаттық жағдайға ұшырағандарға, зардап шеккендерге көмек қолын созамыз.

Біздің ұйымның тағы бір ерекшелігі, біз зиякерлік турнирлерді ұйымдастырамыз. Мысалы пікірсайыс жарысы, білімділер сайысы. Барлық жасалып жатқан жұмыстардың негізгі мақсаты – жастардың мүмкіндіктерін көрсету, қабілеттерін ашу.

Кіші буынның арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында қала бойынша спорттық іс-шараларды жиі ұйымдастырамыз. Жуырда қаламызда ерекше турнирлер өтпекші. Соның бірі “Кубок однофамильцев”, яғни қала бойынша бір тектілерді жинау арқылы команда құру.

Экологиялық мәселелерді шешу үшін “Таза қала” акциясы таптырмас дүние емес пе. Жыл сайын біздің



депутаттар мен еріктілер Қостанай қаласының белгілі бір аумағында сенбіліктер ұйымдастырады.

Қаладағы оқу орындарымен тығыз байланыс орнаттық. Соның арқасында жоғары оқу орнында өтетін іс-шаралардың басым бөлігі біздің қатысуымызбен өтеді.

Қазақ жетімін жылатпаған халық. Ата-бабамыздан жеткен осынау өсиетке сүйене отырып қайырымдылық шаралар өткізуді дәстүрге айналдырдық. Жыл сайын жетім және мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау жұмыстары іске асып жатыр. “Асыл бала” қоғамдық қорының қолдауымен №2 Қостанай қалалық балалар үйінің және жасөспірімдер үйінің тәрбиеленушілерін өз қамқорлығымызға алдық.

-Аталмыш ұйымның қолдаушылары туралы бірер сөз...

-Ең негізгі қолдаушымыз – Қостанай облысының азаматтық альянсы. Сол ұйымның арқасында біздің акцияларымыздың, іс-шараларымыздың басым бөлігі дер кезінде өтеді. Жастардың бастамасын әркез қолдап жүретін қоғамдық қордың өкілі – Динара Өтебаева. Сонымен қатар бізді қалалық мәслихаттың депутаттары – Марина Бут және Марат Жұрқабаев, Владимир Сова әр уақытта қолдап отырады.

-Жастар мәслихатының депутаттары қандай талаптар немесе ережелер бойынша таңдалады?

-Жыл сайын қаламыздағы жоғары оқу орындары мен колледждердің ең тандаулы 100 студенті «Грин» Қостанай облысының азаматтық альянсы» қоғамдық қорының ұйымдастыратын “Көшбасшылар конференциясына” қатысады. Іріктеу барысында үздік жүз студенттің 20-сы ашық дауыс беру арқылы “Жастар мәслихатының депутаты” болып сайланады.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, жастар мәслихатының депутаттары дегеніміз – жаңа бағыт, жаңа толқын, жаңа тыныс.

**Айшолпан БАЯНБАЕВА,
ГЭФ журналистика мамандығының
1-курс студенті.**